

*А. Райымбергенов
С. Райымбергенова
Ұ. Байбосынова*

МУЗЫКА

**Жалпы білім беретін мектептің
5-сыныбына арналған оқулық**

«Мұрагер» бағдарламасы бойынша

**Алматы
2011**

Балалар!


Сен алғаш рет ерекше оқулықтың бетін ашқалы отырсың. Айтыс — ұлы өнер. Ол ұрпақтан – ұрпаққа жетіп, енді өзіңмен қауышып отыр. Сен ұлы ақындардың өнерімен таныс боласың. Сөз құдіретінің, не екенін сезінесің. Ал ең бастысы, өлең құрап үйренесің. Сен алғаш рет шығармашылық жолға аттанып, домбырада шеберлігіңді шыңдай түсесің. Ата-баба мұрасын түсініп, оны қадірлеуге, қазақтың ұлы мәдениетін құрметтеуге жол ашасың. Сонымен бірге, музыка құдіретін терең түсіну үшін Еур,она елдеріне саяхат жасайсың. Еуропаның алғашқы музыка аспаптары қашан пайда болып, симфониялық оркестрдің қалайша құрылғанын білесің. Көптеген музыкалық аспаптардың сырлы үнін естіп, көркем музыкалық шығармалармен таныса аласың.

*Бұл оқулық арқылы сән-салтанаты жарасқан
ең әдемі опера театрына сапар шегесің!*

*Ең таңдаулы және аса танымал
операларды білетін боласың.
Опера және балет өнерімен танысып,
оны түсінуді үйренесің.*

Осы жолда саған сәт сапар тілейміз!

ӨНЕР АЛДЫ ҚЫЗЫЛ ТІЛ



Суретте не бейнеленген
Қандай айтыс ақындарын білесіңдер?
Айтысты көрдіңдер ме?

Айтыс дәстүрі

Айтыс - қазақ халқының ең жақсы көретін өнер түрі. Көптеген ғасырлар бойы халқымыз ақындарды арнайы айтыстыратын болған. Ақындар айтыс арқылы өз ойларын ашық айта білген. Айтыс кезінде барлық айтылған сөз ескеріліп, хан да, халық та ақынның сөзіне қарсы тұрмаған.

Айтыс кезінде екі ақын бір-бірімен өлең сөз арқылы жарысады. Айтыс халық алдында сол сәтте ойдан шығарылып

орындалады. Осылайша орындайтын ақындарды суырып салма ақындар деп атайды. Әр ақын өз елінің намысын қорғайды. Қарсы ақынның мінін табуға, кемшілігін көрсетуге тырысады. Сол арқылы қарсыласын жеңіп шығуды көздейді. Ақындар айтыс кезінде өз туындысын домбыраға, қобызға, сырнайға қосып орындайды. Айтыстың жеңімпазын анықтайтын тыңдаушы халық.

Суырып салма ақын болу үшін туа біткен табиғи ақындық қасиеттен басқа, білімді, тоқығаны мол зерделі адам болуы тиіс.

Айтыс – екі ақынның бір-бірімен өлең-сөз арқылы жарысуы.

Сен білесің бе?

Қазақта айтыс шешендік қара сөзбен де, күй тартыс арқылы да болған. Қазақ даласында атағы кең жайылған Жанақ, Түбек, Орынбай, Шәже, Кемпірбай, Әсет, Күдері, Сүйінбай, Жамбыл сынды ақындар өмір сүрген. Ақындар тек қана ойын-той, ас-жиында ғана емес, арнайы бірін-бірі іздеп барып та айтысқа түскен.

Сұрақтар:

1. Айтыс дегеніміз не?
2. Ақындар өз туындыларын қандай аспаптармен орындаған?
3. Ақындардың жеңімпазын кімдер анықтаған?
4. Ақын айтыс кезінде ел намысын қорғады ма әлде өз намысы үшін айтысты ма?
5. Суырып салма ақын болу үшін қандай қасиеттер қажет деп ойлайсың?

Тапсырма:

1. Айтыс дәстүрі тақырыбын оқы.
2. Домбырадан айтыс әуенінің үйренген буынын қайталап орында .

Қайым айтыс



Қайым айтыс - қыз бен жігіттің әзіл-қалжыңына құралады. Бұл айтыс ойын-сауық, той-думандарда орындалады. Қыз бен жігіт бір-біріне деген махаббат сезімін қайым айтыс арқылы білдіріп отырған. Қайымдасу соңында қыз жігітке сақина-жүзігін қалдырған. Сол арқылы қыз жігітке өз сезімін білдірген.

Қайым айтыс кезінде қыз бен жігіт өлеңнің бірінші және екінші жолын өзгертпей қайталап отырған. Ал өлеңнің

үшінші және төртінші жолдары ойдан шығарылады. Қайым айтыс - өлең құраудың ең оңай түрі.

Қайым айтыс – қыз бен жігіттің өлеңмен әзілдесуі.

Ал, балалар!

Екі топқа бөлініп, қайым айтысты кезекпен оқып көрелік!

Жігіт:

**Атынды шешен сүйіп қойған Еркін,
Той болса түзетесің кәмшат бөркің.
Бұландап ұжмақтың хор қызындай
Бітпеген еш пендеге сенің көркің.**

Қыз жауабы:

**Атымды шешем сүйіп қойған Еркін
Той болса түзетемін кәмшат бөркім.
Келе сап сипатымды баяндадың,
Есіңді аударды ма менің көркім.**

Сен білесің бе?

Жар-жар - қайым айтысының ең көне түрі. Жар-жар қыз ұзатылар алдында айтылады. Той соңында жігіттер ұзатылар қыз отырған үйге келіп, өлеңмен қоштасқан. Жігіттердің қоштасып айтқан өлеңіне ұзатылатын қыз жауап беріп отырған. Қыздар мен жігіттердің осылайша жауаптасуы кейін келе қайым айтысқа айналған.

Жігіттер:

Қара насыр дегенде қара насыр жар-жар.

Қара мақпал сәукеле шашың басар жар-жар.

Үйде әкем қалды деп қам жемеші жар-жар,

Жақсы болса қайын атаң орнын басар жар-жар.

Қыз жауабы:

Қара насыр дегенде қара насыр жар-жар.

Қара мақпал сәукеле шашың басар жар-жар.

Кісі әкесі кісіге әке дейді жар-жар,

Айналайын әкемдей қайдан болсын жар-жар.

Ойлан да салыстыр:

Қайым айтыс пен жар-жарға ортақ не деп ойлайсың?

Біліп ал:

Қайым айтысы қыз бен жігіттің арасында тек қана әзілге құрылған күйінде қалмай, ірі ақындар айтысына айналды. Ірі ақындардың қайым айтыстарында әуелі әзілмен басталып, аяғы үлкен әлеуметтік тақырыпқа ұласып отырған. Мысалы, «Ұлбике мен Жанкелді», «Күйкентай қыз бен Оспантай», «Омарқұл мен Тәбия» айтыстарын атауға болады.

Сұрақтар:

1. Қайым айтыс дегеніміз не?
2. Қайым айтыстың ерекшелігі неде?
3. Қайым айтыс айтыстың қандай түріне жатады?
4. Қайым айтыспен кімдер айтысқан?

Тапсырма:

1. Қайым айтыс үлгісін жатта.
2. Домбырадан айтыс әуенінің үйренген буынын жатқа ойна.



Айтыстың барлық түрі екіге бөлінеді. Біріншісі - түре айтыс, екіншісі - сүре айтыс. Ақындардың бір – бір ауыз өлеңмен қысқаша жауаптасуын **түре айтысы** деп атаймыз. Түре айтысты атақты ақындармен қатар айтысты жаңа үйреніп жүрген көпшілік те қолданған. Түре айтыс - айтыстың шапшаң жауаптасу түрі. Түре айтыс жас желеңді айтысқа төселдіреді.

Сүйінбай мен Күнбаланың бір-бір шумақпен қысқа жауаптасуы:

Сүйінбай:

Тұманда адасушы ем із болмаса.
Асқан асың татымас тұз болмаса.
Көп қызды ауылдағы кім сынапты,
Алысқа ұзатылар сіз болмаса.

Күнбала:

Кедейім, кедейім-ай, кедейім-ай!
Шіркінді кедей демей не дейін-ай?!
Сыртымнан сыбыс бермей кеп қалыпсың,
Мұныңды ақын аға не дейін-ай?!

Суырып салма өлеңдерге әбден төселген, нағыз ақындардың ұзақ сөйлеп айтысуын – **сүре айтыс** деп атаймыз. Сүре айтысында көбінесе ел жағдайы, халық тағдыры, ру намысы сөз болады.

Түре айтыс - ақындардың қысқаша айтысуы

Сүре айтыс - ақындардың ұзақ айтысуы

Сен білесің бе?

Қазақ ақындары қанша қиын, өкінішті болса да өзінің сөзден жеңілгенін мойындаған. Ақындар тек әділдік пен шындықты айтқан. Ақындар әділ сөзге тоқтай білген. Мысалы атақты Кемпірбай ақынның:

Келіп ем осы тойға ектемделіп.
Жүруші ем қу соқырдан жектемделіп.
Базасы жоқ соқырмен айтысам деп,
Жығылдым төрт аяғым көктен келіп. –

деп өзінің жеңілгенін мойындаған екен.

Ойла да айт:

Егер сен жеңіліп қалсаң не істер едің?

Біліп ал:

Қазақ даласында кеңінен тарап халық арасында даңқы шыққан ақындар айтысы мол сақталған. Олардың ішінде: Біржан мен Сара, Шөже мен Балта, Ұлбике мен Жанкелді, Жамбыл мен Құлмамбет, Әсет пен Ырысжан, Омарқұл мен Тәбия, Ақсұлу мен Кеншімбай, Мұса мен Манат, Тезек Төре мен Сүйінбай, Мәнсүр мен Дәме қыз айтыстарын атауға болады.

Сұрақтар:

1. Айтыс қандай түрлерге бөлінеді?
2. Түре айтыс дегеніміз не?
3. Сүре айтыспен кімдер айтысқан?

Тапсырма:

1. Түре және сүре айтыс тақырыбын оқы.
2. Домбырадан айтыс әуенінің үйренген буындарын қайтала.



Өтірік өлең

Ақындықтың асқан шеберлігі мен шешендігін көрсететін өлең түрі - өтірік өлең. Өтірік өлең мазмұны түгел дерлік өтірік сөзден құралады. Өтірік өлең жолдары неғұрлым шындықтан алшақ жатса, соғұрлым әсерлі болады. Сонау тазша баланың “қырық өтірік” айтып өлім аузынан аман қалуы, өтірік өлең үлгісінің ең көлемді әрі көркем түрі. Өтірік өлеңнің бір түрі:

Бақа қызын беріпті көбелекке.
Қара шыбын жүріпті жеңгелікке.
Құмырсқаның бір туын ұстап сойып,
Ат шаптарып той қылды төңірекке.

Маса қызын беріпті инелікке
Қара шыбын жүріпті жеңгелікке.
Тоғыз торғай тойына түгел сойып,
Ақ киізін артыпты он көлікке.

Сен білесің бе?

Ақындар мынандай жағдайларда айтысып отырған:
Үлкен жиын тойда екі ақынның кездейсоқ айтысуы;
Атақты ақынның екінші ақынды арнайы іздеп барып айтысуы;
Екі ақынды халықтың арнайы баптап айтыстыруы;

Біліп ал:

Өтірік өлең – өтірікті айтушы мен тыңдаушының сөз сайысы. Өтірікті өмірде болғандай етіп, қиыстырып айтуда тыңдаушыға сол өтірікті қабылдаттыру көзделеді. Егер тыңдаушы «бұл өтірік» десе, оның сөзден ұтылғаны.

Сұрақтар:

1. Өтірік өлең мазмұны қандай сөздерден құралады?
2. Өтірік өлең қай кезде әсерлі болып табылады?
3. Өтірік өлеңнің ең көлемді түрін ата?

Тапсырма:

1. Өтірік өлең үлгісін “Еркем-ай” әнінің әуеніне қосып орында.
2. Домбырадан айтыс әуенінің соңғы буынын қайтала.

Жұмбақ айтыс

Жұмбақ айтыс – айтыстардың ішіндегі ең көне әрі қиын түрі. Айтыстың бұл түрі жалғыз ақындықты ғана емес, онымен бірге ақылдылықты, тапқырлықты талап етеді. Сондықтан да екі ақын айтысып отырып, бірін – бірі жеңе алмаған жағдайда жұмбақ айтысына көшеді.

Жұмбақ негізінен жастардың ойын-сауық бас қосу кештерінде айтылған. Жұмбақ айтысы кейін келе ірі ақындар арасында да болып отырған. Сапарғали мен Нұржан ақынның арасында өткен айтыс бастан –аяқ жұмбақ жасырып оны шешуден тұрады.

Сапарғали: - Нұржаным, білдірейін сізге тағы.

Құс көрдім өзі жансыз бір аяғы.
Теңізде салған жолы сайрап жатыр,
Ақылмен ойлап тапсаң оны тағы.

Нұржан: - Сапеке, айтқаныңды қазір табам.

Жансыз құс бір аяқты – мұның қалам.
Қағаз ғой теңіз деген, жолың – жазу,
Жұмбағың осыменен болсын тәмәм... -

деп жалғаса түседі.

Жұмбақ айтыс - ақындардың бір-біріне астарлы түрде өлеңмен сөз жасырып айтысуы

Сен білесің бе?

Жұмбақ айтысы әр түрлі тақырыпты қамтыған:

Дүние, жаратылыс туралы;

Адам өмірі мен адам жасаған заттар туралы;

Жан-жануарлар өмірі туралы;

Өнер – білім туралы.

Мысалы, киіз үй туралы жұмбақ айтысын алайық.

Жұмбақ: *Дүниеде айдаһар бар, сенесің бе?*

Жаны жоқ қимылдауға денесінде.

Ішінде сүйектері бақша – бақша,

Жарқылдар жалғыз көзі төбесінде.

Жауап: *Әрине, жаны жоқ қой денесінде.*

Шешуі киіз үй ғой, сенесің бе.

Сүйегі бақша-бақша, ол –уығы,

Жалғыз көз – шаңырағы төбесінде.

Бірінші сурет



Екінші сурет



Біліп ал:

Қазақтың көшпелі өмір салтында бойжеткен қыз жігіттің ақылдылығын, тапқырлығын сынау үшін жұмбақ жасырған. Жұмбақ арқылы жігіттің жауабын сынап, өзіне ұнаған ақылды жігітке тұрмысқа шыққан. Мысалы Шәкей сал мен алты ақынның айтысында Шәкей қыз:

Байсарының қызымын.

Тапса тегін, тиемін,

Қапыда қалма, талапкер,

Сыртымнан жүрген тың-тыңдап,

Таба алмаған жігіттер,

Мазамды менің алмасын,

Сұрақтар:

1. Жұмбақ айтыстың қандай түріне жатады?
2. Жұмбақ айтыс ақыннан нені талап етеді?
3. Қандай жұмбақтарды білесің?

Тапсырма:

1. Жұмбақ айтыс үлгісін айтыс әуеніне қосып орында.
2. Өз ойыңнан жұмбақ құра.


Ұйқас сөздер табу

Дыбыс үндестігінен жасалған сөздерді **ұйқас сөздер** деп атаймыз.

Өлең құрау үшін әуелі ұйқас сөздерді табу қажет. Ұйқас сөздер сөз басында немесе ортасында тұратын дауыссыз дыбыстардың ауысуынан пайда болады. Ол үшін дауыссыз дыбыстардан жасалған кестені пайдаланамыз.

Бұл кесте әріптерді ауыстыру арқылы ұйқас сөздер іздеу үшін қажет. Сөздердің бірінші әрпін алып тастау арқылы да ұйқас сөздер табуға болады. Ол үшін бос торды қолданамыз. Мысалы, “Бала” сөзі “Ала” сөзіне өзгереді.


Ал егер сөз дауысты дыбыстан басталса, ұйқас сөздерді кесте бойынша іздейміз. Мысалы, “Алма” сөзі “малма”, “талма”, “салма” т.с.с сөзіне ауысады.




Ұйқас сөздер - дыбыс үндестігінен жасалған сөздер

Қане, жас ақыным, кестені пайдалана отырып, ұйқас сөзді іздеп көрелік!

Бала - сөзінің бірінші әрпін ауыстыра отырып, ұйқас сөздер іздейміз.



Ал енді сөз ортасындағы дауыссыз дыбысты ауыстыру арқылы жасалған ұйқас сөздерді табамыз. Мысалы, «Талып» сөзіндегі «Л» әрпін кестедегі әріптермен орнын ауыстарамыз.



Тапсырма:


1. «Ғашық» сөзіне ұйқас құрап кел.
2. Домбырадан айтыс әуенін қайтала.


Өлеңнің көптеген түрлері бар. Олар буын арқылы ерекшеленеді. Өлең 7-8 және 11 буындық болып келеді. 11 буындық өлең құрау үшін алдымен 5 буындық өлең құрап аламыз.

Өлең құрау үшін ең басты ұйқас сөздер болуы шарт. Мысалы, ғашық сөзін алайық. Ғашық сөзіне ұйқас сөздерді кесте бойынша іздейміз. Бір шумақ өлең төрт жолдан тұратындықтан, төрт сөзді іріктеп аламыз. Олар: *ғашық, лашық, ашық, қашық.*

Бес буындық өлең құрау үшін әрбір сөздің мағынасына сай үш буынды сөз тіркесін табамыз.

***Қане, жас ақыным, өлең құрап көрелік!
Бос тордың ішіне сөз тіркесін тауып жазалық!***





Ұйқас сөздердің сөз тіркесін табу арқылы бес буынды өлең құрай алдық.

*Көңілім ашық,
Тұрған үй лашық,
Қаладан қашық,
Сонда да ғашық*

Немесе:

*Ауызы ашық
Далада лашық,
Ауылдан қашық,
Қыздарға ғашық*

Бес буынды өлең құрау үшін әрбір сөздің мағынасына сай үш буынды сөз тіркесін табамыз.

Сен білесің бе?

Бір қатар өлең жолын – **тармақ** деп атаймыз.

Мысалы: “Деп едің айтысайын меніменен”

Төрт немесе онан да көп тармақтан құралған өлең жолдарын – **шумақ** деп атаймыз.

Мысалы:

*“Деп едің айтысайын меніменен.
Келмейді менің хошым сеніменен.
Келгенде менің хошым сеніменен,
Кетермін қағып-соғып жеңімменен”.*

Тармақ айтылу ырғағына қарай бірнеше **бунақтарға** бөлінеді.

Деп едің

айтысайын

меніменен

Сөздің құрамында қанша дауысты дыбыс болса, сонша **буын** болады.

Мысалы: *Деп е-дің ай-ты-сай-ын ме-ні-ме-нен*


Сұрақтар:

1. Өлеңнің қандай түрлері бар?
2. Өлең құрау үшін қандай сөздерді тауып алу қажет?
3. Ұйқас сөздерден бес буындық өлеңді қалай құраймыз?

Тапсырма:

1. Домбырадан айтыс әуенін қайтала.
2. Жаңа тақырыпты қайталап бес буынды өлең құрап кел.

Еске түсірейік?



Қайталау сұрақтары:

1. Айтыс дегеніміз не?
2. Ақындар өз туындыларын қандай аспаптармен орындаған?
3. Ақындардың жеңімпазын кімдер анықтаған?
4. Қайым айтыс дегеніміз не?
5. Қайым айтыстың ерекшелігі неде?
6. Қайым айтыспен кімдер айтысқан?
7. Түре айтыс дегеніміз не?
8. Сүре айтыспен кімдер айтысқан?
9. Өтірік өлең мазмұны қандай сөздерден құралады?
10. Өтірік өлеңнің ең көлемді түрін ата?
11. Жұмбақ айтыс дегеніміз не?
12. Өлеңнің қандай түрлері бар?
13. Өлең құрау үшін қандай сөздерді тауып алу қажет?

II – ТОҚСАН

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Қысқа қағыспа айтыс.

Ақындардың аяқ астынан бір-бірімен сын-сықақ ретінде ұтқыр жауаптасуын *қағыспа айтыс* дейміз. Қағыспа айтыс ақындардан тапқырлық пен шапшаң ойлауды талап етеді. Сондықтан ақынның ойы ұшқыр, тілі жүйрік болуы қажет.

Біржан сал мен қыздың қағыспа айтысы

Біржан сал жолаушылап бір кедей адамның үйіне кездеседі. Сол үйдің қызы қатықсыз қара көже құйып берсе, Біржан ернін ғана тигізіп қайтарады.



Сонда қыз: - Байлардың жейтін асы – жая мен жал,
Шығады нақ кедейден осындай сал.
Қыс аяғы шаруаға қиын болды,
Көжеге кекіреймей ерніңді мал! – деген екен.

Сонда Біржан: - Атанғам ақындықпен Біржан сері,
Серінің күнде думан жүрген жері.
Қарындасым, ағаңа сөзің өтті
Көжеңді басып – басып әкел бері, - деген екен.

Қағыспа айтыс - ақындардың аяқ астынан бір-бірімен сын-сықақпен ұтқыр жауаптасуы

Ойлан да айт:

Егер сен Біржан салдың орнында болсаң не істер едің?

Сен білесің бе?



Біржан сал Қожасұлұлы (1834-1897) – тек қана ақын емес, әнші әрі халық композиторы. Оның «Теміртас», «Жанбота», «Адасқақ», «Жонып алды» сияқты көптеген әндері бар. Біржанның Сарамен айтысы қазақ даласында аты аңызға айналған айтыстардың бірі болды. Мұқан Төлебаев осы айтыстың желісімен «Біржан – Сара» атты опера жазды.

Сұрақтар:

1. Қағыспа айтыс дегеніміз не?
2. Не себепті қыз Біржанмен айтыса бастады?
3. Біржан сал табан астынан қандай жауап қайтарды?
4. Біржан мен қыздың айтысынан ұйқас сөздерді

тауып әкел.

Тапсырма:


1. “Бала” сөзіне ұйқас құра.
2. Біржан сал мен қыздың айтысын айтыс әуеніне салып орында.
3. Құрманғазы «Балбырауын» күйінің бастапқы буындарын жатта.




Жеті буындық өлең

Қазақтың жыр-дастандары мен терме–толғаулары 7-8 буындық болып келеді. Бұл өлеңнің ең көне түріне жатады.

Жеті буындық өлең құрау үшін **еді, деді, болды** сөздерін қолданамыз. Ол үшін ұйқастырған бес буынды өлеңімізге мағынасына сай етіп аты аталған сөздерді тіркейміз.

Қане, жас ақыным, жеті буынды өлең құрап көрелік!





**Қазақтың жыр-дастандары мен терме-толғаулары
7-8 буындық болып келеді.**

Сен білесің бе?

Қазақтың көнеден келе жатқан көптеген халық жырлары бар. Олар: “Алпамыс”, “Қобыланды”, “Қыз Жібек”, “Ер Тарғын”, т.б. Сонымен бірге, Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Ақтамберді, Бұхар жырау, Махамбет сынды ақын-жыраулар өмір сүрген. Халық жырлары мен ақын-жыраулардың терме-толғауларының барлығы 7-8 буындық өлеңдерге құралған.

Есінде ме?

Құрманғазы (1818-1889) – күй атасы.

Құрманғазының “Балбырауын” күйінен басқа “Аман бол, шешем, аман бол”, “Арба соққан”, “Машина”, “Қайран шешем”, “Түрмеден қашқан”, “Кісен ашқан”, “Қызыл қайың”, “Бұқтым-бұқтым” сияқты көптеген туындылары бар. Оның әрбір күйі басынан өткен өмір белестерін көрсетеді. Ал Құрманғазының “Сарыарқа” күйі қазақтың отан деген ұғымымен астасып жатыр.

Тапсырма:

1. 7-8 буындық өлең тауып әкел.
2. Домбырадан «Балбырауын» күйінің үйренген буындарын қайтала.

Құлыншақ ақын мен Майлықожаның айтысы

Жүйрік ойлы, ұшқыр тілді атақты Құлыншақ ақын қазақ топырағына даңқы жайылған Майлыға кездескенде:

*Майлы, Майлы дегенмен май болмадың,
Жұрттан алып жегеннен бай болмадың! –*

дей бергенде, бір шумақ өлеңнің жалғасын Майлықожаның өзі айтып жіберген екен:

*Сен Құлыншақ болғалы талай болды
Не құлын, не жабағы, тай болмадың, -*

деген екен.



Біліп ал:

Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835-1898) Шымкент облысы, Сарыағаш ауданында туып өскен. Қазақ топырағына белгілі ақындардың бірі болды. Майлықожа әсіресе өсиет, толғау, терме өлеңдерді көп шығарған. Майлықожа қырғыз ақыны Жанаспен, Жамбылдың ұстазы Сүйінбаймен айтысқан.

Құлыншақ Кемелұлы (1840-1911) Шымкент облысы Созақ ауданында туып өскен жүйрік тілді, ұшқыр ойлы ақын. Ақындығымен қатар, өз бетімен сауатын ашып, Шығыс шайырларының шығармаларын оқыған, қисса, хикаяларды жаттаған. Қобызға, домбыраға қосылып жыр, қисса, толғау, терме айтқан. Құлыншақ ақын Майлықожа, Бұдабай, Молда Мұса сияқты ақындармен айтысқан.

Есінде ме?



Дина Нүрпейісова (1861-1955) — қазақтың әйгілі күйші-композиторы. Дина Құрманғазының жанында тоғыз жыл бойы еріп жүріп, күйлерін үйренген. Құрманғазының ең дарынды шәкірттерінің бірі болды. Динаның «Әсем қоңыр», «Бұлбұл», «Науайы», «Қара қасқа ат», «Сегізінші март», «Тойбастар», т. б. көптеген күйлері бар.

Сұрақтар:

1. Құлыншақ пен Майлықожаның айтысы айтыстың қандай түріне жатады?
2. Құлыншақ ақын Майлыға қандай мін тақты?
3. Майлықожа жауап қайтара алды ма?

Тапсырма:

1. Құлыншақ пен Майлықожа айтысын «Еркем-ай» әуеніне салып орында.
2. Домбырадан «Балбырауын» күйінің үйренген буындарын қайтала.

Он бір буындық өлең.

Айтыс ақындарының өлең үлгілері көбіне-көп он бір буыннан құралады. Он бір буындық өлеңнің әрбір тармағы белгілі бір ойды білдіріп, толық мазмұнды құрайды. Он бір буындық өлең түрін қазақтар **қара өлең** деп атайды.

Он бір буындық өлең құрау үшін жеті буындық өлеңдегі ұйқас сөздердің алдына мағынасына сай етіп төрт буындық сөз тіркейміз. Төрт буындық сөз бір немесе екі сөзден тұруы қажет.

Қане, жас ақыным, он бір буындық өлең құрауға көшелік!

Үлкендеу **Ғазиз деген** бала болды,

Киімі **үстіндегі** ала болды,

Жүргені **ол баланың** дала болды,

Тұрғаны **әп-әдемі** қала болды.

Көңілім **жадыраған** ашық еді,

Тұрған үй **даладағы** лашық еді,

Қаладан **салған лашық** қашық еді,

Сонда да **жүрегіміз** ғашық еді.

Айтыс ақындарының өлеңдері көбінесе **он бір буыннан** құралады

Қара өлең – қазақтың он бір буынды өлең түрі

Есінде ме?



Қазанғап Тілепбергенұлы (1854- 1927) атақты Үсен төремен өнер жарыстыруға жасқанады екен. Кездесуде талай күйлер шертіледі. Үсен төре мен Қазанғаптың арасындағы тартыс өнер мерекесіне айналады. Қос күйші бір-бірінен шеберлік асыра алмайды. Қазанғаптың асқан өнеріне, домбырашылық шеберлігіне аса разы болған Үсен төре оны қонақ етіп, үстіне шапан жауып, сый-құрметпен аттан-дырады. Ал Қазанғап жаңа күйлер үйреніп, домбыра тартудың қыр-сыры жөнінде көптеген ақыл-кеңес берген Үсен күйшіні ұстазы санап, өле-өлгенше қадірлеп өтеді. Осы

кездесуде ол ұстазының құрметіне «Көкіл», «Ысырма», «Шынаяқ тастар», «Құс қайтару» күйлерін шығарады. Қазанғап басқа да көптеген күйлер қалдырған. Әсіресе, «Ақжелең» деген атпен «Кербез Ақжелең», «Домалатпай Ақжелең», «Бұраң бел Ақжелең» сияқты күйлерін шығарған. Қазанғап күйлері терең сырға, философиялық ойға толы күйлер болып есептеледі.

Сұрақтар:

1. Айтыс ақындарының өлеңдері неше буыннан құралады?
2. Он бір буындық өлеңнің ерекшелігі неде?
3. Он бір буындық өлеңдерді қалай атайды?

Тапсырма:

1. Жаңадан құраған он бір буындық өлеңді айтыс әуеніне қосып орында.
2. Он бір буындық өлеңді кез-келген бір айтыстан тауып оқы.
3. 2. Домбырадан «Балбырауын» күйінің үйренген буындарын қайтала.

Жас ақын Базарбайдың Бекетбай ақыннан бата алуы.

Жетісуда Базарбай деген ақын сол елдегі қарт ақын Бекетбайдан бата аламын деп іздеп келеді. Бекетбай ақын шаршы топтың ортасында дастан айтып отыр екен. Жас Базарбай оған қарамастан, табалдырықтан аттап үйге ене беріпті де:



Қолыма домбыраны алдым бұрап,
Үйрендім бала кезден өлең құрап.
Осы үйде Бекет ақын бар деген соң,
Әдейі келіп едім бата сұрап, - дейді.

Қарт ақын жырлап отырған дастанын үзе қойыпты да:

Үстіме неге келдің сен демейін?
Сұрасаң, ақ батамды мен берейін.
Қалаулы осы көптің ақыны бол,
Айтыста үстем болсын сөз мерейің... -

деп шұбырта жөнеліпті.



Есінде ме?



Ақан серінің (Ақжігіт Қорамсаұлы 1843-1913) “Құлагер”, “Балқадіша”, “Маң-маңгер”, “Майдақоңыр” сияқты әндері қазақ халқына әйгілі болды. Ақан тек әншілігімен ғана аты шықпай, халық оның атына қосып сері деп атады.

Қазақ серілері сан қырлы, көп қасиетті, сұлулық-сымбатымен елден ерекше адамдар болған. Оның бойында әншілік, ақындық, құсбегілік, атбегілік қасиеттер тоғысқан. Серілер қымбат киім киіп, арғымақ ат мініп, бүркіт баптап, құс салып, қасына ерген нөкерлерімен ел аралап, той-думанның еркесі болған. Серілердің қасиетінде алғырлық, кербездік, жомарттық, сыпайылық болған.

Біліп ал!

Айтыс ерте замандарда кейбір көшпелі халықтар арасында болған. Олар қарақалпақ, қырғыз, монғол-түркмен халықтарында кездескен. Әсіресе қазақ халқында айтыс ақындар арасында бүгінгі күнге дейін шоқтығы биік ірі дәстүрге айналған.

Ойлан да айт:

Қазіргі орындаушылардың ішінен кімді сері деп ойлайсың?

Сұрақтар:

1. Өлең құрауда қандай ерекшелікті еске сақтау керек?
2. Өлең тармағындағы бунақтар қалай құралады?

Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма: Өлеңінің үшінші тармағын құрап кел:

*Қойшылар жүрер екен қойын бағып.
Ұсталар кәсіп етер балға қағып.*

.....
Ақындар айтысады сөзбен шағып.

2. Домбырадан «Балбырауын» күйінің үйренген буындарын қайтала.

Жорықбай мен жолаушы



Жорықбай атпен келе жатып бір жолаушыға кездеседі. Жолаушы бұған жақындап келіп, “Ассалаумағалейкум” дей бергенде, Жорықбай оған “Сәлеміңнен бұрын шақшанды әкел!” – дейді.

Ат үстінде отырған Жорықбай жолаушыдан шақшасын алып, насыбайды енді атуға ыңғайланғанда шақша сусып түсе жаздайды. Оны аяғымен қысып ұстап үлгереді. Сонда жолаушы: - Жортеке, осы сәтке бір ауыз сөз айтып жіберіңізші, – дейді. Жорықбай іркілместен:

Құдайдың маған мұнша бақ бергені,
Шақшаның түсейін деп шап бергені.
Аяғым мен қолыма ризамын -
Біреуі ұстап, біреуі ап бергені! –

депті

Есінде ме?



Дәулеткерей Шығайұлы (1820- 1887) — ел билеген хандар әулеті, төре тұқымынан тарайтын ұлы күйші-композитор. Дәулеткерей күйлері — терең мазмұнды күйлер. Дәулеткерей төре тартысына тән өзіндік мектеп қалыптастырды. Дәулеткерей күйлеріндегі әйел бейнесіндегі сұлулық пен парасаттылықты суреттейтін «Көркем ханым», «Қыз

«Ақжелең», «Құдаша», «Қос алқа» немесе өршіл ер намысты бейнелейтін «Жігер», «Салық өлген», «Топан» тәрізді көркем күйлері бар.


Сұрақтар:

1. Жорықбай не себепті өлең шығарады?
2. Өлеңнің қай жолы ұйқас сөзге құралмаған?

Тапсырма:

1. Жорықбайдың өлең шумағын айтыс әуеніне қосып орында.
2. Домбырадан «Балбырауын» күйінің үйренген буындарын қайтала.

Еске түсірейік:



Қайталау сұрақтары:

1. Қағыспа айтыс дегеніміз не?
2. Не себепті қыз Біржанмен айтыса бастады?
3. Біржан сал табан астынан қандай жауап қайтарды?
4. Құлыншақ пен Майлықожаның айтысы айтыстың қандай түріне жатады?
5. Құлыншақ ақын Майлықожаға қандай мін тақты?
6. Майлықожа жауап қайтара алды ма?
7. Айтыс ақындарының өлеңдері неше буыннан құралады?
8. Он бір буындық өлеңнің ерекшелігі неде?
9. Он бір буындық өлеңдерді қалай атайды?
10. Жас ақын Бекетбайға не үшін келеді?
11. Жас ақынға Бекетбай батасын берді ме?
12. Өлең тармағындағы бунақтар қалай құралады?
13. Жорықбай не себепті өлең шығарады?

III – ТОҚСАН

ЕУРОПА АСПАПТАРЫ

Еуропа музыкасының шыңы - симфониялық оркестр.



Біз енді Еуропа халықтарының музыкалық мәдениетімен танысқалы отырмыз. Әлемдік музыка мәдениетінің ең биік жетістігі симфониялық оркестр болып табылады. Еуропа халықтарына ғана тән ең таңдаулы деген музыкалық аспаптар симфониялық оркестр құрамына топтастырылды. Еуропада ғасырлар бойы оркестрге музыкалық аспаптарды іріктеп алу жұмысы үздіксіз жүріп отырды. Көптеген көне аспаптарды өзгертіп, оркестрге лайықтап жасап шығарды.

Симфониялық оркестрге арналған аспаптарды қалайша сұрыптап алды? Ең бастысы, оның дыбысына мән берді. Әрбір аспап өзінің тембрі жағынан бірін бірі қайталамайтындай болды. Мұндай түрлі дыбыстардың бояуын толықтыратын аспаптар оркестрге табиғаттың барлық үнін беретіндей, кез келген музыкалық образды жасай алатындай мүмкіндікке ие болды.

Симфониялық оркестр құрамындағы аспаптар 4 топты құрады. Олар: ішекті-аспалы, үрмелі ағаш, үрмелі жез және ұрмалы аспаптар. Әрбір топтың аспаптары тембрі жағынан ұқсас, ал олардың көлемі мен диапазоны әр түрлі болды. Мысалы, скрипка, альт, виолончель мен контрабас бір біріне ұқсас бір текті. Скрипка жіңішке дыбысты болса, ал контрабастың дыбысы жуан болып келеді. Әрбір топқа аспаптар осындай заңдылықтарды ұстанып таңдалып алынды. Бірі жоғарғы дыбысты болса, ал қалғандары ортаңғы және төменгі дыбысты болды.

Оркестрдің дыбысы жақсы болу үшін аспаптардың дыбысы қатты болып шығуы тиіс. Елестетіп көрші скрипка аспабы трубамен қосылып ойнағанда скрипканың дыбысын басып кетуі мүмкін ғой. Сондықтан симфониялық оркестрде скрипка аспабы он шақты болады. Ал труба аспабы санаулы ғана. Сол себепті трубалар оркестрдің ең түкпіріне

орналасады. Ал ішекті аспаптар көрермендерге жақын оркестрдің алдыңғы жағынан орын алды. Симфониялық оркестр құрамында жүзге жуық музыкант болады.

Сөздік

Тембр - дыбыстың бояуы.

Дипазон – дыбыстың көлемі

Музыка тыңдайық!

Л.В Бетховеннің №3 симфониясын тыңдап көрелік! Кейде оны «Батырлық» симфония деп те атайды. Өйткені бұл симфонияны шығаруға француз революциясы әсер еткен болатын. Сол себепті симфония талас -тартысты, күресті бейнелеген.

Бұл симфонияның құдіретті күшін білу үшін мына бір оқиғаны еске түсірейік. Есінде болар ХХ ғасырдың басында «Титаник» атты мұхиттың алып кемесе суға кетеді. Кеме командирі мен оның команда құрамы бастарын өлімге тігеді. Сол кезде кемеді болған оркестр кеменің үстіне шығып Бетховеннің №3 симфониясын ойнай бастайды. Өйткені сол жерде өмір мен өлім арасында тартыс жүріп жатқан болатын. Бетховеннің ерлік пен қайраттылықты бейнелейтін музыкасымен бірге өмірмен қоштасып мұхит түбіне барлығы кете барады. Ал музыканттар болса, кемені түгел су алмағанша ойнауын тоқтатпайды. Мұндай ерлік жасау үшін музыканттарға Бетховеннің осы симфониясы көмектескен еді.

Сөздік:

Симфония – симфониялық оркестрге арналған аспаптық шығарма. Симфония бір мазмұнды құрайтын төрт бөлімнен тұрады

Біліп ал!

Қазақстанда алғаш рет симфониялық оркестр ХХ ғасырдың отызыншы жылдары опера театры үшін құрылды. Оркестрді жасауға көмектесу үшін Ресей, Украина, Белоруссия, Армениядан көптеген музыкант келді. Әр түрлі ұлттан жиылған әртістер қазақтың тұңғыш операсы «Қыз Жібекті» қоюға көмектесті.

Сұрақтар:

- Дыбысы жағынан және аспаптарға бай қандай оркестр?
- Симфониялық оркестр құрамындағы аспаптар неше топты құрайды? Оларды атап бер.
- Оркестр құрамындағы аспаптар неліктен көп?

Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма:


Қане, балалар, өлең құрап көрейік!

“Дайындады” сөзіне ұйқас сөздер табайық. Олар: тайынбады, пайымдады, қайымдады, уайымдады. Ал енді өлеңдегі көп нүктенің орнына мазмұнына сай етіп осы аталған ұйқас сөздерді тауып жаз.

*Құралай ойын десе
Қызық боп бітпей қойды ойындары,
Үйінен оқып келмей тапсырмасын,
Асығып үзілісте*

2. Домбырадан «Балбырауын» күйінің үйренген буындарын қайтала.


Скрипка аспабы қалай пайда болды?



Симфониялық оркестрдің қалай құрылғанын түсініп алайық. Ол үшін оркестр құрамындағы мына бір аспаптың шығу тарихымен танысайық.

Көптеген аспаптардың ішінде скрипка оркестрде жетекші орын алады. Басқа ешбір аспап дыбыс бояуымен, техникалық шеберлігімен скрипкаға жете алмайды. Оның дыбысы оркестрге сызылта шыққан әсем үн береді. Сондықтан ол Еуропада “Музыка патшайымы” атағына ие болады.

Скрипканың шығу тарихы Еуропада X ғасырдан басталады. Ал бүгінгі түрі XVI - XVII – ғасырларда Италия мен Францияда пайда болған. Скрипканың көне түрлері қазіргі скрипкаға мүлдем ұқсамайды. Олар жуан мойынды, қысқа келген, қампиған қарынды бір-біріне өте ұқсас. Ол аспаптарды фидель және ребек деп атаған. Бұл аспаптарда аттың қылынан жасаған доға тәрізді ысқышпен ойнаған. Аспапты сол жақ тізеге тіреп, ал ысқышты алақанын жоғары қаратып, оң қолмен тартатын болған. Аспапта бұлай ойнау Еуропада бұрын-соңды болмаған. Ал қазақ халқы ерте заманнан бүгінге дейін қылқобыз аспабын дәл осылай тартып келеді. Кейінірек Еуропада бұл аспаптарды иыққа немесе кеудеге тіреп ойнаған. Кейін келе аспапты иықтың үстіне шығарып, оны иекпен қысып ұстауды ойлап тапқан.



Еуропада фидель мен ребектен басқа XV ғасырда виола аспабы пайда болады. Виоланы да ребек сияқты тіке ұстап, доға тәрізді ысқышпен алақанын жоғары қаратып тартқан. XVIII ғасырға дейін Еуропада виола аспабы өте танымал аспаптың бірі болады. Кейін

келе скрипка аспабы бұл аспаптарды ығыстырып шығарып, өзінің сазды үнімен халықтың ықыласын жаулап алады. Осындай жүздеген жылдық тарихы бар скрипка аспабы бүгінгі күнгі аспаптардың ішінде « музыка патшайымы» атына ие болады.

Музыка тыңдайық!



Никколо Паганинидің скрипкаға арналған шығармалары өте күрделі болатын. Әсіресе оның «**24 каприсін**» көптеген музыканттардың орындауына қиынға соғады. Паганинидің скрипкасын «сайтанның аспабы» деп те атайды. Өйткені Паганини өзінің аспабының үнімен бірде адамдарды жылатса, бірде қуантып, кейде онымен билетіп немесе адамдарды шыр көбелек айналдыра да алатын. Оған дейін скрипка аспабында бұлай ойнаған адам болған емес. Италиялық скрипкашы әрі композитор аспапта ойнаудың жаңа түрін ойлап тапқан асқан шебер орындаушы болды. Ол скрипкада ойнаудың жаңа техникалық мүмкіндіктерін көрсетті. Қазіргі кезде скрипкашылар өздерінің шеберліктерін дәлелдеу үшін міндетті түрде Паганинидің шығармасын орындауға тырысады. Скрипка аспабында қалай шебер орындауға болатынын білген боларсың!

Ал енді скрипка аспабы мен виолончель аспабының үнін салыстырып көрейік. Француз композиторы Сен-Санс өзінің «**Аққу**» атты шығармасында виолончель аспабын шырқата алған. Оның әуені ойлы да мұнлы. Үйірі алыс аймаққа ұшып кеткен аққу жалғыз қалып қайғырады.

Мұқият тыңдап көр! Естисің бе, виолончель аспабының үні де жалғыз. Ал виолончельді сүйемелдеп отырған фортепиано болса, оған дем беріп, сылдырап аққан судың дыбысын қосып, оның мұңын тарқатқандай.

Біліп ал!

Оркестрдің түрі көп: үрмелі және ұрмалы жез аспаптардан тұратын әскери оркестр, халық аспаптар оркестрі, ішекті-ыспалы аспаптардан тұратын оркестр және джаз оркестрі. Бұл оркестрлердің ішінде құрамы және мүмкіндігі жағынан бәрінен биік тұратын симфониялық оркестр.

Сұрақтар:

- Симфониялық оркестрдің негізін қандай аспаптар құрайды?
- Не себепті Еуропада скрипка “Музыка патшайымы” атағына ие болды?
- Скрипканың классикалық түрі қай ғасырда, қай жерде пайда болған?
- Скрипканың шығу тарихы қай ғасырдан басталады?
- Скрипканың көне түрлері қалай аталады?


Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма:

Қане, балалар! Өлең құрап көрелік!

«Сынап отыр» сөзіне ұйқас сөздерді атаймыз. Олар: бұрап отыр, сұрап отыр, құрап отыр, жылап отыр. Ал енді көп нүктенің орнына ұйқас сөзді мазмұнына сай етіп тауып жазамыз.

Төлеубек, қыздар сені
Ұялып қаламсабын
Үйіне тастап кетіп оқулығын,
Жалынып көршісінен



2. Домбырадан Құрманғазының «Балбырауын» күйінің үйренген буындарын қайтала.

Симфониялық оркестрдегі ішекті-ыспалы аспаптар

Скрипкамен қатар ішекті-ыспалы аспаптар тобын құрайтын – альт, виолончель және контрабас аспаптары. Бұл аспаптар симфониялық оркестр үшін ойлап табылған. Себебі, олар оркестрдің дыбыс кеңістігін мейлінше толтыру үшін қажет болды.



Дыбыс бояуы (тембр) жағынан альт скрипкаға жете алмайды. Оның дыбысы қысыңқы, көмескі реңді болып шығады. Ансамбль немесе оркестр құрамында басқа аспаптармен дыбысы жақсы үйлесім табады. Контрабас аспабы тек қана оркестрде қолданылады. Ол өзінің қою және төменгі

дыбысымен оркестрдегі барлық аспаптар сүйенетін тірек іспетті. Ал виолончель дыбысының тек өзіне тән ерекше бояу бар. Оның қоңыр да, қою дыбысы Европа музыкасындағы қайғы мен мұң, аңсау мен күйініш сезімдерін жеткізе алады.

Аспаптардың дыбыс биіктігі аспаптың өлшемі мен оған тағылған ішектердің ұзындығына тікелей байланысты. Неғұрлым аспаптың өлшемі үлкейген сайын, соғұрлым оның дыбысының биіктігі төмендей түседі. Дыбысы ең жоғары аспап – скрипка болса, ең төменгі – контрабас аспабы.



Орындау кезінде виолончель мен контрабасты жерге тік тіреп, ал скрипка мен альтты иыққа бұғақпен тіреу арқылы көлденең ұстап ойнайды.

Бұл аспаптардың ең қарқынды дамыған шағы - XVIII ғасыр. Сонымен, скрипка тектес Еуропаның қазіргі ішекті-ыспалы аспаптары – альт, виолончель және контрабас симфониялық оркестр үшін құрылып, бүгін де оның негізі болып табылады.

Музыка тыңдайық!

Виолончель аспабында Сен-Санстың «Аққу» шығармасы.

Сұрақтар:

- Скрипка тектес қандай ішекті-ыспалы аспаптарды білесің?
- Альт, виолончель және контрабас аспаптары не үшін қажет болды?
- Бұл аспаптардың дыбыс бояуының ерекшелігі неде?
- Аспаптардың дыбыс биіктігі тікелей неге байланысты?
- Аспаптарды қалай ұстап орындайды?
- Бұл аспаптар қай ғасырда қарқынды дамыды?

Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма:

Қане, балалар! Өлең құрауды жалғастырайық!

“Беремін деп” сөзіне ұйқас сөздер атаймыз. Олар: келемін деп, көремін деп, еремін деп, теремін деп. Көп нүктенің орнына мағынасына сай ұйқас сөздерді тауып жаз:

Сабаққа ертең ерте
Қиналды уәдесін
Ұйқысы қанбай қалды Төлеубектің,
Түнімен телевизор



2. Домбырадан Құрманғазының «Балбырауын» күйінің үйренген буындарын қайтала.

Оркестрдегі үрмелі ағаш аспаптар.

Байқаған боларсың, оркестрде біріне бірі ұқсас аспаптар көп кездеседі. Ішекті-ыспалы аспаптар бір топты құрайды. Олардың тіпті дыбыс бояуы да ұқсас келеді. Ал үрмелі аспаптардың әрбірінің өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, флейта аспабы тез қайталанатын дыбыстарды шығара алса, ал гобой аспабында олай ойнау мүмкін емес. Гобой аспабы сазды, әуенді дыбыстарды орындай алады. Валторна аспабы болса аңшылықта қолданатын қатқыл дыбыстарды еске салса, ал труба аспабы әскери шеруге шақыратын өткір дыбыстарды береді. Бұл аспаптарсыз оркестр құрамын елестету мүмкін емес.

Әрбір аспаптың өзіндік тарихы бар. Олардың әрбірі оркестр құрамына ену үшін көп жылдар мен ұзақ жолдан өткен.

Флейта – көне де ең танымал аспаптың бірі. Барлық ежелгі халықтарда қамыстан жасалған аспаптар кездеседі. Қазақ халқында ол аспапты сыбызғы деп атайды. Кейін келе флейта аспабын жан-жануардың сүйектерінен жасауды ойлап тапқан. Флейта ғасырдан-ғасырға дамып жетіле түседі. Бірақ оның сол байырғы табиғаты сақталып қалды. Оның дыбысын ауаны үрлеп шығару арқылы береді.



Флейтаны бұрын тік ұстап ойнаған. Кейін аспаптың үрлейтін жеріне жақын жағын жауып, аспапты ауызға қарай көлденең ұстайтын болды. Флейта аспабы симфониялық оркестр құрамына XVII ғасырда енген.

Кларнет, гобой және фагот аспаптары әр халықта түрлі уақытта пайда болған. **Кларнет** аспабын XVIII ғасырда неміс шеберлері жасаған. Ал XVII ғасырда гобой аспабының Отаны Франция болды. Фагот аспабын XVI ғасырда Италияда жасап шығарды. Оркестрде бұл аспаптар бірін-бірі толықтырып отырады. Мысалы, кларнеттің дыбысы әсерлі және техникалық мүмкіндігі өте зор аспап болып табылады. Гобой аспабы қатқыл үнді болып келсе, ал фагот төменгі дыбыстарды орындайды.



Гобой аспабында жылдам музыкалық дыбыстарды ойнау қиын, бірақ оның созылмалы үні әсерлі де, айқын шығады. Симфониялық оркестр құрамына XVIII ғасырда енген.



Фагот – аспабы симфониялық оркестрде төменгі дыбыстарды орындау үшін арнайы ойлап табылған. Фагот аспабының жасалу құрылысы ерекше. Егер екі бүктеліп жасалған фаготты жазып жіберсек, оның ұзындығы үш метрге жетер еді. Фагот аспабы үшін күрделі иірімдерді ойнау қиын. Ол –үрмелі ағаш аспаптардың ішіндегі ең төменгі дыбыстарды беретін аспап.



Музыка тыңдайық!

Симфониялық оркестрдің орындауында М.Равельдің «Болеро» атты шығармасы.

Біліп ал!

Үрмелі аспаптардың тарихы тереңде жатыр. Үрмелі аспаптардың пайда болуына түрлі заттар әсер еткен. Мысалы, жануарлар мүйізі, теңіз бақалшақтары немесе жай қамысты алғашқы музыкалық аспап ретінде пайдаланған. Ертеде біздің ата бабаларымыз бұл аспаптарды аңшылықта немесе әскери жорықтарда бір біріне дыбыс беру үшін қолданған. Ғасырлар өте келе жай қамыс әсерлі әуені бар сыбызғы тектес аспапқа айналып, кейін оркестр құрамына енген түрлі үрмелі аспаптарға ұласады.

Сұрақтар:

- Оркестрдегі үрмелі аспаптар қандай түрлерге бөлінеді?
- Қандай үрмелі ағаш аспаптарды білесің?

- Үрмелі ағаш аспаптардың ерекшелігі неде?

Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма:

Қане , балалар! Өлең құрауды жалғастырайық!


“Жарысқанда” сөзіне ұйқас сөздер атаймыз. Олар: алысқанда, шалысқанда, табысқанда, тағысқанда, шабысқанда, қағысқанда. Көп нүктенің орнына мазмұнына сай ұйқас сөздер тауып жаз:

Сабақтан қалып қойды

Ешкімге дес бермейді

Сабақта Ғазиз момын болғанымен,

Жайнайды үзілісте



2. Домбырадан Құрманғазының «Балбырауын» күйінің үйренген буындарын қайтала.

Жез аспаптар қашан пайда болды?

Ерте замандардан бері үрмелі жез аспаптар танымал болып келеді. Бірақ ол симфониялық оркестр құрамына ХІХ ғасырда ғана енген. Оркестр құрамына үрмелі жез аспаптардың енуі оның дыбысына алып күш және кең ауқым береді. Сұлу да нәзік музыканың орнына енді әскери жорықтардағы талас-тартысты, жеңістің қуанышы мен жеңілудің күйінішін бейнелейтін алып музыка сахнаға шығады.

Барлық үрмелі жез аспаптардың дыбысы жезден жасалғандықтан, олардың дыбысы өте күшті болып келеді.



Труба үрмелі жез аспаптардың ішіндегі ең көне түрі. Бұл аспап ежелгі Грекия мен Римде танымал болған. Байырғы трубаны шабуыл кезінде белгі беру үшін және салтанатты рәсімдер мен халықтық мейрам кездерінде қолданған.



Валторна XII ғасырдың шамасында пайда болған. Алғашқыда валторна аспабын аңның мүйізінен жасаған. Оны аң аулауда, салтанатты мерекелерде, әскер жинау кезінде ойнаған. Кейін келе оның дауысы алысқа естілу үшін оны жезден жасаған. Оркестрде ойнауға ыңғайлы болу үшін оны бірнеше рет оратып жасап шығарған.

Тромбон XV ғасырдан бері танымал. Оны ұзақ уақыт шіркеудің хорын сүйемелдеу үшін қолданған. Тромбонның дыбысы төменгі регистрде болғандықтан ол музыкаға жігерлі де қайратты екпін береді.



XIX ғасырда **туба** аспабын ойлап тапты. Бұл алып аспапты оркестрде ең төменгі дыбыстарды орындау үшін арнайы жасап шығарған.



Сонымен, труба, тромбон, валторна, туба аспаптары оркестрдің барлық дыбыс мүмкіндіктерін бере алатын жез аспаптар тобын құрады. Бұл аспаптардың дыбыстық бояуы бір-бірімен үндесіп, тіпті өздері бір бөлек оркестрді құрай алатын болды. Мұндай оркестрді сен естіп те жүрген боларсың. Көбіне үрмелі жез аспаптардан тұратын оркестрді үлкен алаңдардағы мерекелік шерулерде ести аламыз.

XX ғасырда үрмелі аспаптарды джаз-оркестрлерде де қолдана бастайды. Кларнеттің жаңа түрі – саксофон және труба джаз оркестрінің негізгі аспаптарына айналды. Сөйтіп үрмелі аспаптардың өмірі жалғасып келеді.

Музыка тыңдайық!

Арам Хачатуряның «Гаяне» балетінен «Қылышпен би».

Біліп ал!

Оркестрде музыканттар ретпен жайғасады. Дирижердің сол жағына скрипкашылар тобы, ал оң жағына виолончел мен альттар тобы орналасады. Виолончель тобының артқы жағына контрабас пен арфа аспаптары жайғасады. Дирижердың дәл алдында үрмелі ағаш аспаптар, ал олардың арт жағында үрмелі жез аспаптар орналасады. Үрмелі жез аспаптардың сол жағына ұрмалы аспаптар жайғасады. Ең бастысы, дирижер барлық музыканттарды көріп отыруы керек.

Сұрақтар:

- Симфониялық оркестр құрамына қандай үрмелі жез аспаптар кіреді?
- Трубаны ерте замандарда не үшін қолданған?
- Валторна аспабының тегі қандай?
- Валторна аспабын оркестрге қай ғасырда енгізді?
- Оркестр үшін XIX ғасырда қай аспап ойлап табылды?
- Джаз оркестрінің негізгі аспаптарын білесің?

Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма:

Қане, балалар, өлең құрап көрейік!

«Барамын деп» сөзіне ұйқас сөздерді айтып бере аласың ба? Барамын деп, аламын деп, қаламын деп, боламын деп.

Көп нүктенің орнына ұйқас сөздерді тауып жазамыз:

Асқар жүр коридорға
Қайтсем де барды тауып
Столға ағай жоқта отырды Асқар,
Өзінше мен мұғалім

2. Домбырадан Құрманғазының «Балбырауын» күйінің үйренген буындарын қайтала.

Ұрмалы аспаптар тобы



Қазіргі кезде оркестрді ұрмалы аспаптарсыз елестету мүмкін емес. Симфониялық оркестрдегі ұрмалы аспаптар тобы өздерінің сан алуан түрлерімен тыңдаушыны таңқалдырады. Олар: литавра, барабан, колокольчик- қоңырау, ксилофон, бубен, тарелка, там-там. Ұрмалы аспаптар оркестрге ырғақ үшін қажет болған. Ұрмалы аспаптар арасында тек ұру арқылы емес, сондай-ақ сілкіу, үйкеу, айналдыру және аудару арқылы да дыбыс шығаратын аспаптар кездеседі.

XIX ғасырдың басына дейін симфониялық оркестр құрамына тек литавра аспабы кіретін. Литавраның бүгінгі түрі: үш аяқты тұғыр үстіне орналасқан жез немесе қоладан жасалған қазанға ұқсас аспап. Қазанға бірнеше бұрандалар арқылы тері керіліп, оларды киізден жасалған дөңгелек жұмсақ ұшты екі таяқшамен ұрады.

Симфониялық оркестрдегі негізгі ұрмалы аспаптардың бірі - кіші және үлкен барабандар. Кіші барабан ерте замандарда әскери аспап болып есептелді. Дыбысы өте күшті болғандықтан, шабуылға шығарда барабан хабар беруші қызметін атқарған. Ал үлкен барабанды оркестрге лайықты етіп ойлап тапты. Барабанды ұру үшін басы киізбен қапталған таяқшалар пайдаланылды.

Басқа да ұрмалы аспаптар оркестрдің дыбыс бояуын күшейту үшін қолданылды.

Біліп ал!

Азия, Африка, Америка сынды әлем халықтарында барабанның дәстүрлі көне түрлері кездеседі. Оларды ағаштан, қыштан жасап тері қаптаған.

Барабандарды ерте замандарда түрлі рәсімдер үшін қолданған. Мысалы, жын-шайтандарды үркіту үшін немесе аңшылық пен әскери жорықтарда дыбыс беру, әндер мен билерді сүйемелдеу үшін пайдаланған.



Сұрақтар:

- Симфониялық оркестрдегі қандай ұрмалы аспаптарды білесің?
- Ұрмалы аспаптар оркестрге не үшін қажет болды?
- Шеберлер ұрмалы аспаптарды жасау үшін қандай заттарды пайдаланды?
- Ұрмалы аспаптардың ерекшелігі неде?

Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма:

Қане, балалар, өлең құрап көрейік!

«Күледі екен» сөзіне ұйқас сөздерді атайық. Жүреді екен, тірегі екен, біледі екен, іледі екен.

Ал енді, өлеңнің төртінші тармағын мазмұнына сай етіп құрап көр:

Қызыққа біздің Ғазиз күледі екен.

Спорттық мектебінің тірегі екен.

Ғазиздің жетіспейтін бір міні бар,

.....

2. Домбырадан Құрманғазының «Балбырауын» күйінің үйренген буындарын қайтала.

Арфа аспабы қайдан келді?



Арфа тәріздес аспаптар әлемнің барлық халықтарында кездеседі. Не себепті бұл аспап кеңінен таралған? Өйткені бұл аспап жай ғана садақтан жасап шығара салған.


Ерте замандарды аңшы садақтың кергісін тартқан кезде дыбыс естіген. Сөйтіп иілген ағашқа тағылған жалғыз ішекті арфа аспабы пайда болған екен.

Арфаның ең көне түрі Ежелгі Мысырда табылған. Ол аспапқа 5000 жыл болды. Мысырда арфа кең тараған аспаптардың бірі. Бұл аспапты патша сарайлары мен карапайым халықтың үйінен де көруге болатын.

Гитара, скрипка, виолончель, балалайка, домбыра, жетіген аспаптарын қатар қойсақ, оларды туыстас аспаптар деп айта алмаған болар едік. Бірақ бұл аспаптардың бір ұқсастығы бар. Олардың барлығың ішектері бірдей тартып байланған.

Сөйтіп ғасырлар өте келе ежелгі арфалар көп ішекті аспапқа айналады. Қазірде арфаның ішек саны 46-ға жетті. Арфаны жоғарғы жағын иыққа тіреп, екі тізесінің арасына қойып, отырып ойнайды. Ол бір сәтте 8 дыбыс шығарады.

Сөйтіп, бір ішекті аспаптан дамып жетілген көне арфа симфониялық оркестрде өз орнын тапты.



Сұрақтар:

- Симфониялық оркестр құрамындағы ең көне аспап қалай аталады?
- Арфа аспабы қалай пайда болған ?
- Қазіргі арфаны қалай орындайды?

Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма:

Қане, балалар, өлең құрап көрейік!

«Өтеді екен» сөзіне ұйқас сөздерді іздеп тап. Жетеді екен, кетеді екен, бітеді екен, күтеді екен, етеді екен.

Өлеңнің үшінші тармағы ұйқасқа құралмайтынын ұмытпадың ба? Ал енді, өлеңнің үшінші тармағын ұйқастырып жібер.

Сөздерің сүйегімнен өтеді екен.

Білімді биік шыңға жетеді екен.

.....
Кемшілік екеумізде жетеді екен.

2. Домбырадан Құрманғазының «Балбырауын» күйінің үйренген буындарын қайтала.

Оркестрге үн берген аспап



Біз симфониялық оркестрдің барлық аспаптарымен танысып алғандаймыз. Бірақ сол аспаптардың біреуі де фортепиано аспабымен теңесе алмайды екен. Өйткені бұл аспаптың диапазоны кең, ол симфониялық оркестрдегі ең төменгі дыбыстан бастап ең жоғарғы дыбыстың аралығын қамти алады. Фортепиано аспабында көпдауысты шығармаларды ойнау өте жеңіл әрі ыңғайлы. Оркестрдегі ішекті немесе үрмелі аспаптар кейде шығарманың әуенін орындаса, кейде

сүйемелдеуші аспаптар ғана бола алады. Ал фортепианоның шығарма әуені мен сүйемелін толық ойнай беруге мүмкіндігі бар. Ол өзінің техникалық мүмкіндігі мен репетуарының молдығы жағынан оркестрмен бәсекеге түседі. Фортепиано - жеке орындауда алдыңғы қатарлы аспап.



Ең алғашқы фортепиано аспабын 1709 жылы итальян шебері Бартоломео Кристофори ойлап тапты.

Фортепианоның көне түрлері клавесин және клавиикордтан басталады. Бұл аспаптар Еуропада XIV-XVII ғасырлар аралығында пайда болған. Әсіресе, клавесин мен клавиикорд ақ сүйектер ортасында кең тараған аспап болды. Оларды шеберлер тасбақаның сауытын, бағалы ағаштарды пайдаланып, жылтыратып, әшекейлеп, өте әдемі етіп жасаған. Аспапты көбіне ақсүйек бикештер ойнаған.

Сөйтіп қазіргі фортепиано аспабының шығу тегі клавиборд пен клависиннен бастау алады.

Қазіргі таңда фортепиано ең танымал аспап болып отыр. Бірақ музыкалық аспаптардың дамуы әлі де жалғасуда. XX ғасырда жаңа электрлі музыкалық синтезатор аспабы пайда болды. Синтезатор таңғажайып дүниелерді жасай алады. Ол аспапта табиғаттың барлық дыбысын салуға болады. Сонымен бірге синтезатор барлық музыкалық аспаптардың дыбысын бере алады. Бүгінде синтезатор - түгел бір оркестрдің орнын бір өзі толтыруға мүмкіндігі бар екен.

Сөздік «Фортепиано» аспабы. Итальянша форте - «қатты»,

пиано - «ақырын» деген мағынаны білдіреді.

Музыка тыңдайық!

1. Нағым Мендіғалиев. «Домбыра туралы аңыз».
2. Фридерик Шопен. Прелюдия.

Ойлан да айт!

Қалай ойлайсың аспаптар сол байырғы көне қалпында неге сақталмайды?
Не себепті адамдар музыкалық аспаптарды үнемі дамытып жетілдіруде?

Сұрақтар:

- Фортепиано аспабының атауы қандай мағынаны білдіреді?
- Не себепті фортепиано оркестрмен бәсекеге түседі?
- Бұл аспап қай ғасырдан бастап ойнала бастады?
- Ең алғашқы фортепианоны кім жасап шығарды?
- Еуропадағы фортепианоның ең көне түрі қай аспап?
- Синтезатор аспабының ерекшелігі неде?

Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма:

Қане, балалар, өлең құрап көрейік!

«Қалмаңыздар» сөзіне ұйқас сөздерді тауып алайық. Олар: бармаңыздар, алмаңыздар, салмаңыздар, жармаңыздар, шалмаңыздар.

Ал енді өлеңнің үшінші және төртінші тармағын шығарып көр:

Балалар, достарыңнан қалмаңыздар.

Жалқау боп елді әуреге салмаңыздар.

.....

.....

2. Домбырадан Құрманғазының «Балбырауын» күйін жатқа орында.

Қайталау сұрақтары:

1. Симфониялық оркестр құрамындағы аспаптар неше топты құрайды? Оларды ата.
2. Оркестр құрамындағы аспаптар неліктен көп болады?
3. Не себепті Еуропада скрипка “Музыка патшайымы” атағына ие болады?
4. Скрипканың қандай көне түрлері бар?
5. Скрипка тектес қандай ішекті-ыспалы аспаптар бар?
6. Альт, виолончель және контрабас аспаптары не үшін қажет болды?
7. Аспаптардың дыбыс биіктігі тікелей неге байланысты?
8. Аспаптарды қалай ұстап орындайды?
9. Симфониялық оркестр құрамына қандай үрмелі жез аспаптар кіреді?
10. Ерте замандарда трубаны не үшін қолданған?
11. Валторна аспабының тегі қандай?
12. Оркестр үшін XIX ғасырда қай аспапты ойлап тапты?
13. Симфониялық оркестрде қандай ұрмалы аспаптар бар?
14. Шеберлер ұрмалы аспаптар жасау үшін қандай заттарды пайдаланды?
15. Ұрмалы аспаптардың ерекшелігі қандай?
16. Арфа аспабы қалай пайда болған ?
17. Қазіргі арфаны қалай ойнайды?
18. Фортепиано аспабының атауы нені білдіреді?
19. Синтезатор аспабының ерекшелігі неде?

Опера театры.

Әлем мәдениетінің озық үлгісі



Опера – Еуропаның классикалық музыка мәдениетінің ең жоғары жетістігі болып есептеледі. Ең әуелі жазушы операның либреттосын жазады. Либретто операның мазмұны мен оның мәтінінен тұрады. Онан соң композитор оның музыкасын жазады.

Опера - көптеген өнер түрлерін бір өзіне топтастырған күрделі жанр. Опералық қойылымда басты рөлде жеке орындаушы-әншілер мен балет әртістері және халық атынан сөйлеуші хор ұжымы болады. Опера тек қана музыка ғана емес, ол бүтіндей театр яғни біртұтас драмалық қойылым. Опералық қойылымды басқаратын режиссер болса, ал симфониялық оркестр және

әншілерді басқаратын дирижер болып табылады. Спектакльдің қойылымында суретшілер елеулі орын алады. Өйткені суретші қойылымға лайық сахнаны безендіреді. Сонымен бірге әртістердің де киім үлгілерін жасап шығарады. Сонан соң тігіншілер суретшінің дайындаған үлгілері бойынша киім тігіп даярлайды.

Ал гриммерлар мен шаштараздар әртістерді сахнаға шығуға дайындап, бет-әлпеті мен шаштарын сәндеумен айналысады. Дыбыс шеберлері мен сахнаға жарық берушілер, басқа да көптеген жұмысшылар операның толық қойылымына түгелдей жұмыла кіріседі.

Осындай үлкен ұжым бір ғана опералық спектакль қоюда жұмыла жұмыс жасайды. Ал операны қоюшылар мен орындаушылар өз тыңдармандарына терең мазмұнын жеткізуде барлық күш-жігерін аямайды.

Музыка тыңдайық!

Л. Павароттидің орындауында италиян халқының әні «Күнім менің»

Біліп ал!

«Ла Скала» - (La Scala) әлемдік опера мәдениетінің дамыған орталығы. Опера театрының ірге тасы 1778 жылы яғни XVI ғасырда қаланған. Бұл театр әлемдегі ең әдемі сәулетті құрылыс болып есептеледі. Театр сахнасы аса үлкен болмаған. Көрермендер доға түрінде биік етіп салынған бес қабаттан тұратын ложаларға жайғасып отыратын болған. Ложаға 8-10 адамнан артық адам отырмаған. Залдың орталық бөлігін партер деп атайды. Партерде орналасқан орындықтар жиналмалы әрі жылжымалы болған. Өйткені театрда тек қана опера ғана емес, онда түрлі би балдары мен корридалар да өткізіліп отырған.

XIX ғасырдан бастап театр тек музыкаға арналған опералық театр болып қалыптасады. Театрға арнап әлемнің ең дарынды композиторлары өздерінің гажайып операларын жазады. Ал әлемнің ең танымал опера әншілері мен дирижерлары «Ла Скала» театрының сахнасында болуды өмірлік мақсат еткен. Сонымен бірге Еуропа, Америка, Жапонияның бай саяхатшылары «Ла Скала» театрында болғанды өздеріне мәртебе санаған.



Білесің бе?

Лучано Павароттидің аты бүгінгі таңда опера өнерінде танымал екені белгілі. Дүниежүзіне әйгілі Миланның «Ла Скала» театрының солисті опера әншісі Лучано Паваротти болды. Паваротти өзінің мықты дауысымен, диапазонының кеңдігімен, шебер орындаушылығымен әлем халқын таңдандырған. Әсіресе, ол әдемі тенор дауысымен бірге, өзінің текті де таза шынайы қалпымен халықты өзіне баурап алады. Паваротти тек опера әншісі ғана емес, ол әйгілі әлемдік эстрада әншілерімен де қосылып әндер айтқан. Ол өздеріне танымал Элтон Джон, Лайза Минелли, Стинг, Патрисия Каас және «Куин» тобымен қосылып та ән айтқан екен. Ол - өзінің өмірінде 100 аса әндерін таспаға жазған ғажап әнші. Бүгінгі таңда оның таспа жазбалары миллиондаған таралыммен әлемге тарап жатыр.



Сұрақтар:

- Опера қандай жанр түріне жатады?
- Операның либреттосы дегенді қалай түсінесің?
- Опералық қойылымда кімдер жұмыс істейді?
- Опералық қойылымды және оркестр мен әншілерді кім басқарады?

Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма:

Қане, балалар, өлең құрап көрейік!

«Ағып едім» сөзіне ұйқас сөздер ойлап табайық. Олар: қағып едім, тағып едім, жағып едім, бағып едім, шағып едім, лағып едім.

Ал енді өлеңнің үшінші және төртінші тармағын шығарып көр:

Өлеңге жастайымнан ағып едім.

Жұртымның көңіліне жағып едім.

.....
.....

2. Домбырадан Халық күйі «Кеңес». Үйренген буындарын қайтала.

Операдағы негізгі жанрлар.

Операның бірнеше түрі бар. Олар: халықтың қайғы-қасіретіне құрылған - Глинканың «Иван Сусанині», Мусоргскийдің «Борис Годуновы», халық жырларына құрылған - Римский-Корсаковтың «Садкосы», халық аңыздарына құрылған - Вагнердің «Лоэнгрині», фантастикалық ертегілерге құрылған - «Снегурочка», лирикаға құрылған - Чайковскийдің «Евгений Онегині».

Операдағы драмалық оқиға 3-4 бөлімнен құрылады. Әрбір бөлімдегі оқиға желісі бір орыннан екінші орынға, бір уақыттан келесі уақытқа ауысып отырады. Сол себепті сахна әрдайым өзгеріп, түрлі декорациялармен безендіріледі.

Операдағы басты элемент **ария** болып табылады. Ария деген сөздің мазмұны өлең сөзіне жақын келеді. Ария орындалуы жағынан өте күрделі өлең түрі болып табылады.

Ария басты кейіпкерлердің ойы мен сезімін жеткізуде маңызды орын алады. Мысалы, Ж. Бизенің «Кармен» операсындағы Карменнің ариясы.

Операда арияның қатарында тағы да басқа **ариозо** және **каватина** секілді қысқа өлең түрлері қолданылады. Олар сахнадағы белгілі бір оқиғаның желісіне байланысты орындалады.



Операда музыкалық әңгімені **речитатив** деп атайды. Речитатив тақпақтап айту дегенді білдіреді. Операдағы речитативті «музыкаланған сөз» деп атауға болады. Көбіне речитативтер кейіпкерлердің іс-әрекетінен хабардар етеді.

Оқиға желісіндегі халық жағдайын көрсету мақсатында композиторлар **хор** ұжымын пайдаланады.

Операның мазмұндық желісінің дамуында маңызды орын алатын **ансамбльдер**. Оның құрамында: **дуэт**, **трио** және **квартет** болады. Ансамбльдегі бірнеше кейіпкерлер оқиға желісіне байланысты өз ойларын білдіруге талпынып жатады. Мысалы, Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсында дуэль алдындағы Ленский мен Онегин дуэтін атауға болады.

Опералық қойылымның басты сюжеттік желісін ашудағы маңызды элементтері ария, речитатив, ансамбль және хор болып табылады.

Музыка тыңдайық!

Ж.Бизенің „Кармен” операсын әлемнің барлық әйгілі театрлары қоюда. Кармен бостандық пен еркіндікті көксеген әйел. Кармен өзінің асқан сұлулығымен бірге қызу қанды, жігерлі, өр көкіректілігімен ешкімнен тайсалуды білмеген. Кармен сахнаға „Хабанера” атты ариясымен шығады. „Хабанера” испанның халық биіне қойылған ән. Дәл осы ән Карменнің еркін мінезін айғақтай алған. Карменнің ариясын орыстың әйгілі опера әншісі Елена Образцованың орындауында тыңдап көрейік!

Біліп ал!

«Метрополитен-опера» – Америкадағы ең ірі опералық театр. Бұл опералық театр 1883 жылы Нью-Йорк қаласында ашылады. Бұл театр 3625 адамға арналған. Метрополитен театрының салынуына Американың ең қалталы адамдары яғни өнерге қамқорлық ететін меценаттар үлкен қаржы бөліп салдырған.



«Метрополитен-опера» театрында дүние жүзінен келіп опера қоюға талпынған, оны өздеріне үлкен мәртебе тұтқан. Ал әр елдің опералық қойылымдары өз тілінде өтетін болған.

«Метрополитен-опера»

театрында әлемге әйгілі әншілер Э.Карузо, Л.Паваротти, Ф.Шаляпин және Е.Образцовалар сынды көптеген опера әншілері өз өнерін дүние жүзіне танытқан.

Білесің бе?

Елена Образцова – орыстың әйгілі опера әншісі. Ол Үлкен театрдың ұлы әншісі болып есептеледі. Оның өнері дүниежүзіне тараған. Ол Кармен рөлін сомдауда ең мықты орындаушылар қатарынан орын алған. Оны Кармен рөлінде Испания, Прага, Вена, Нью-Йорк сахналарында үлкен қошаметпен қарсы алды. 1980 жылы ең мықты опера әншісі деген Италиядағы „Алтын Верди” сыйлығына ие болады. Елена Образцова тек Кармен рөлін сомдап қоймай көптеген орыс және италия композиторларының операларын орындауда ең шебер орындаушы болып танылған.



Сұрақтар:

- Операның қандай түрлері бар?
- Операдағы драмалық қойылым неше актыдан құрылады?
- Операдағы қандай басты элементтерді білесің?

Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма:

Қане, балалар, өлең құрап көрейік!

Өлеңнің үшінші жолын құрап кел:

Қолыма домбырамды алайыншы.

Әніне «Еркем- айдың» салайыншы.

.....

Сабаққа кешікпей мен барайыншы.

2. Домбырадан Халық күйі «Кеңес». Үйренген буындарын қайтала.

Опералық театр тарихы.

„Театр” сөзі ежелгі гректерден таңғажайып құбылыстар мен қызықты халыққа көрсете алатын орын. Көне қаласында ашық аспанның астында, орналасқан. Таудың етегін арнайы отыратын орындықтар жасаған. Бұл көрерменге арналған. Театрдың сахна болған. Оны „орхестра” деп болып орындайтын әншілер мен болған. Театрдағы мерекелік қойылымдар көбіне көне аңыздарға құрылып, Дионис атты құдайларының құрметіне арналған. Ежелгі Грекия театрында барлық рөлдерді тек қана ер адамдар орындаған. Актерлер беттерін маскалармен жасырған. Мыңдаған көрермен сахнадағы көріністі алыстан көру үшін актерлер аяқтарына арнайы биік өкше қағылған етіктер киген. Қойылымның оқиға желісін хор ұжымы бастан аяқ әндетіп айтып отырған. Сөйтіп опера жанры өз бастауын көне грек театрынан алған екен.



енген. Театр - түрлі көріністерді мыңдаған театр Гректің Афина таудың етегінде ойып, одан көрермендер театр 17 мың ортасында шеңберлі атаған. Ол жерде ұжым бишілер орналасатын



Опера тұңғыш рет XVI-XVII ғасырларда Италияда пайда болды. Операны дүниеге келтірген ақындар мен музыканттар еді. Бұл ежелгі грек аңыздарын қайта жандандыруға талпынған адамдар болатын.



Алғашқы опералар өлендетіп яғни речитатив түрінде айтудан құрылған. Ал XVII ғасырда италиялық композитор Клаудио

Монтеверди операға басты кейіпкерлердің арияларын, күрделі вокалды ансамбльдерді, хор ұжымы мен оркестр сүйемелін ендіреді. Ал опера үшін арнайы театрлар салына бастады.

Опера барлық еуропа халықтары арасында тез таралып кеңінен танымал болды. Опера әрбір халықтың ұлттық ерекшелігіне тән дамиды. Өйткені сюжеттік желісі сол халықтың аңызы мен жырларына, тарихына негізделіп отырады.

Музыка тыңдайық!

П. Чайковскийдің „Евгений Онегин” операсы - А.С.Пушкиннің романы негізінде қойылған опера. Ондағы басты кейіпкерлер Евгений Онегин мен Владимир Ленский. Бұл операда Ленский өзінің досы Онегинмен жекпе-жек дуэльге шығып, Онегиннің қолынан қаза табады. Екеуінің дуэльге шығуына Ленскийдің сүйгені Ольга себепкер болады. Ал Онегин болса Ольганың сіңілісі Татьянаның махаббатынан бас тартып соңында жалғыз қалады. Бұл операдағы ең көркем ариялардың бірі Ленскийдің ариясы. Бұл арияны орыстың әйгілі опера әншісі Сергей Лемишевтың орындауында тыңдап көрейік!



Біліп ал!

Орыстың Үлкен театры 1825 жылы салынды. Бұл театр Европадағы „Ла Скаладан” кейінгі екінші үлкен театр болып есептеледі. Театрдағы көрермендер залының ұзындығы 25 метр, ал, ені 26 метр, биіктігі 21 метрден тұрады екен. Үлкен театрдың сахнасы - әлемдегі ең үлкен сахналардың бірі.



Үлкен театр орыстың классикалық музыка өнерінің әлемге танымал болуына зор ықпалын тигізді. Үлкен театрдың атымен бірге танылған композиторлар мен дирижерлер, опера әншілері мен балет бишілері әлемге танымал болды. Орыстың әйгілі операларынан А.Бородиннің „Князь Игорь”, М.Мусоргскийдің „Борис Годунов” және П.Чайковскийдің „Евгений Онегин” операларын ерекше атауға болады.

Білесің бе?



П. Чайковский – 37 жасында танымал композитор болған. Оған „Евгений Онегин” операсын жазуға мынандай оқиға себеп болады. П.Чайковский жаңа опера жазбақ оймен оған сюжет іздейді. Бір күні ол өзінің досы Лизавета Андреевна Лавровскаяның үйіне қонаққа келеді. Чайковский өзінің жаңа опера жазбақ ойын айтады. Сонда Лизавета Андреевна: „Неге Пушкиннің Евгений Онегин романын негізгі сюжетке алмасқа” - деген ой тастайды. Бұл ой Чайковскийге қатты ұнайды. Ол әйгілі ақын А.С.Пушкинмен кездесіп, өз ойын білдіреді. Бұл ойға А.С.Пушкин де қуанып,

келісімін береді. Сөйтіп, П.И.Чайковскийдің әйгілі „Евгений Онегин” атты операсы дүниеге келеді.

Сұрақтар:

- Опера тұңғыш рет қай жерде, қай ғасырда пайда болды?
- Операның дүниеге келуіне кімдер себепкер болды?
- Операның сюжеттік желісі қандай аңыздарға құрылған?
- Италиялық композитор операға қандай жаңалық енгізді?

Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма:

Қане, балалар, өлең құрап көрейік!

Бір шумақ өлеңнің ұйқас сөздері мен екінші тармағын ойлап тап. «Болады екен» сөзіне ұйқас сөздер: толады екен, солады екен, шолақ екен, қонақ екен, олақ екен.

Мереке ойын-күлкі
.....толады екен.
Береке бата-тілек ала келген
Қазақтың ең сыйлысы

2. Домбырадан Халық күйі «Кеңес». Үйренген буындарын қайтала.

Қазақ опера театры.



Қазақ халқының мәдениетінде опера жаңа көркемдік жанр болып қалыптасты. Қазақ операсы 1930 жылдары пайда болды. Қазақстандағы опера жанры әлемдік опера өнерінің классикалық түрлерінің негізінде дамыды. Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» және М. Төлебаевтың «Біржан мен Сара» қазақ операларының ең биік шоқтығы болып табылады.

Қазақ операсы ұлттық ерекшелігімен дамыды. Операның негізгі тұғыры қазақ әндері мен күйлері болды. Қазақ операларында Үкілі Ыбырайдың, Біржанның, Жаяу Мұсаның көп әндері қолданылды. Қазақ композиторларының әндері басты кейіпкерлер үшін дайын ариялар ретінде алынды. Мысалы, Үкілі Ыбырайдың «Гэкку» әні Қыз Жібектің ариясы болып орындалды.

Қазақ операларында *терме* және *желдірме* сынды көнеден жеткен сөз өнерін де пайдаланды. Операны жазған композиторлар қазақтың терме жанрын ариозо түрінде

қолданады. Композиторлардың мұндай жаңалығы қазақ операсына ұлттық рең беріп әрлендіре түседі. Мысалы, Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы Шегенің орындайтын термесі немесе М.Төлебаевтың «Біржан мен Сара» операсындағы Естайдың әнін атауға болады.

Музыка тыңдайық!

«Абай» операсы 1944 жылы ұлы ақынның 100 жылдық мерейтойы қарсаңына қойылды. «Абай» операсының либреттосын жазған, жазушы-ғалым «Абай жолы» романының авторы Мұхтар Әуезов болды. Бұл операның музыкасын жазған - Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди сынды әйгілі композиторлар. «Абай» операсы жылда Қазақ опера театрының шымылдығын ашатын ең озық үлгі ретінде қойылатын болды. Ал енді «Абай» операсындағы Абайдың халыққа өнегелік сөздерімен айтқан ариясын тыңдап көрейік! Абайдың ариясын орындайтын әйгілі опера әншісі Ришат Абдуллин.




Біліп ал!

Қазақ опера театры - өзінің шымылдығын 1934 жылы М.Әуезовтың пьесасы бойынша «Айман Шолпан» музыкалық комедиясымен шықты. Бұл музыкалық комедия халық арасында үлкен құрметке бөленді. Спектакль халықтың үлкен сұранысына ие болды. Бұл спектакль үш айдың ішінде 100 рет қойылған. Ал 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігінде қазақтың «Қыз Жібек» операсы тұңғыш рет үлкен табысқа жетті. «Қыз Жібек» операсының либреттосын Ғабит Мүсірепов, музыкасын Евгений Брусиловский жазған. 1941 жылы Қазақ опера және балет театрының ғимараты салынды. Бұл театр сол уақытта Алматыдағы ең әсем сәулетті ғимараттың бірі болды. 1945 жылы Абайдың туғанына жүз жыл толуына орай театрға Абай есімі берілді.

Білесің бе?

Ришат Абдуллин (1916-1988жж) – опера әншісі. Ришат Абдуллин жастайынан әнге құмар болып өседі. Ол 15 жасында Қазақстанда ашылған ең алғашқы арнайы музыкалық техникумға түсіп, білім алады. Ғажайып дарынымен ол өз білімін 17 жасында Мәскеуде жалғастырады. Ришат Абдуллин бүкіл ғұмырын Қазақ опера балет театрында өткізген. Ол театрда қойылған барлық операда ойнаған. Ришат Абдуллин «Абай» операсындағы Абай ролін ең алғаш сомдаған.



Ойлан да айт!

Сен «Қыз Жібек» операсындағы Жібектің ариясы мен Шегенің ариясын тыңдадың. Ал енді Абайдың ариясын тыңдап отырсың. Қалай ойлайсың осы ариялар кейіпкерлердің мінезін аша алды ма?

Сұрақтар:

- Қазақ операсы қай жылдары пайда болды?
- Қандай қазақ операларын білесің?
- Қазақ операсында кімдердің әні қолданылды?
- Операға қазақтың сөз өнерінің қандай түрлері қолданылды?

Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма:

Қане, балалар, өлең құрап көрейік!

Өлеңді толықтырып құрап кел:

Орнымнан ағай енді тұрайыншы.

.....сұрайыншы.

.....
Тақтаға осы қазір

2. Домбырадан Халық күйі «Кеңес». Үйренген буындарын қайтала.

Қазақ опера жанрлары.



Қазақ операсын Е.Брусиловский, А.Жұбанов, Л.Хамиди сынды әйгілі композиторлар дүниеге келтірді. Олар қазақтың **терме, желдірме және толғау** сияқты сөз өнеріндегі жанрларын кеңінен қолданды.

Сондай-ақ қазақтың дәстүрлі тұрмыс-салт жыры **жар-жар** әнін операға орынды пайдаланды. Қазақтың үйлену салтына байланысты туған жар-жар әнін «Қыз Жібек» операсында хор ұжымы орындаған. Үйлену салтына байланысты операдағы сахналық қойылымдар басқа да дәстүрлі **тойбастар, беташар, сыңсу, қоштасу** әндерімен де толыға түседі. Бұл дәстүрлі әндерді «Абай» мен «Біржан Сара» операларынан кездестіре аламыз.

Қазақ операсының қалыптасуында өз үлесін қосқан **айтыс** жанры. Айтыс – ертеден халық алдында, сахна төрінде дамып қалыптасқан өнер түрі. Айтысу арқылы ақындардың шешен сөзі, өткір де ұшқыр тілі, терең де әдемі ойлары сұрыпталып жатады. Сол себепті айтыс қазақ халқының ең сүйікті өнер түріне айналған болатын. Ал, операда айтыс жанры сюжеттік желінің дамуына түрткі болып, жеке адамның ойы мен сезімін беруге дәл келеді. Ақындар айтысы ең маңызды драматургиялық роль ретінде қалыптасып, Е.Брусиловскийдің «Абай», А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Біржан сара» және «Айман-Шолпан» операларында сахналанды.

Сонымен қазақ операсының қалыптасуына ғасырлар бойы қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің негізін қалаған әдеби-музыкалық жанрлар салмақты да маңызды үлесін қосты.

Музыка тыңдайық!

«Біржан Сара» операсының мазмұны Біржанның өмірінен алынған. Опера Біржанның ақын Сарамен кездесіп, айтысуынан тұрады. Сондай-ақ Біржанның бай-болыс Жанботамен қақтығысын көрсетеді. Операдағы Біржан мен Сараның айтысы халықтың мерекесі мен той-думанына ұласады. Бұл көріністе оркестр, хор және балет тобы мен жеке әншілер - барлығы қатысады. «Біржан Сара» операсынан Біржан мен Сараның айтысынан үзінді тыңдап көрейік!



Біліп ал!

Абай атындағы Қазақ опера және балет театрында көптеген опералар сахнаға қойылған. Соғыс жылдары Мәскеудің консерваториясы мен Үлкен театры Алматыға қоныс аударады. 1944 жылдан бастап Қазақ опера және балет театры өзінің қарқынды жұмысын бастады. Бұл жылдары Қазақ опера театры орыстың Үлкен театрымен бірігіп, қазақ сахнасында әлемге әйгілі операларды қойды. Қазақ опера және балет театрында М.Глинканың „Иван Сусанин”, Д.Вердидің „Травиата” және „Отелла”, П.И.Чайковскийдің „Евгений Онегин”, Дж. Пуччини „Чио-Чио-Сан” атты опералары сахналанды. 1943 жылы әйгілі орыстың балет бишісі Галина Уланова қазақ бишілерімен бірге Аданның „Жизель” балетіне қатынасты.



Сұрақтар:

- Қазақ операсы сөз өнерінің қандай түрлерімен толықты?
- Операда толғау, жар-жар және айтыс түрін қалай қолданған?
- Бұл жанрлар қандай операларда кездеседі?
- Қазақ опера және балет театрының репертуарында қандай опералар бар?

Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма:

Қане, балалар, өлең құрап көрейік!

Өлеңнің үшінші және төртінші тармағын шығарып кел.

*Балалар, достарыңнан қалмаңыздар,
Жалқау боп елді әуреге салмаңыздар.*

.....
.....алмаңыздар.

2. Домбырадан Халық күйі «Кеңес». Үйренген буындарын қайтала.

Қазақ билері қалай пайда болған?

Қазақ театрының ашылуымен бірге алғаш рет би өнері пайда болды. Алғашқы операларда би көрінісін қолданылады. Бұл билер қазақ күйлерімен сүйемелденген.

Қай кезде болмасын қазақ күйлері түрлі көңіл-күйді білдіре алатындығымен ерекшеленеді. Күйлерден шабыт келтірер көтеріңкі көңіл-күй немесе лирикаға толы сазды үн, философиялық ой шақырар терең толғаныс сезім сезіледі. Қазақ күйлерін оркестрге салып өңдеген кезде биге лайық тағы бір қыры ашыла түседі. Жігерлі күйлер ер адамдардың билеріне лайық болса, лирикаға толы сазды үн берген күйлер нәзік те сырлы қыздар биіне тамаша өң береді. Терең мазмұнды күйлер музыкалық драмалық образды сомдауға дәл келеді.



Би қоюда сан қырлы көңіл-күйді бейнелейтін мұндай шығармалар әсіресе, халық күйі «Келіншек» пен «Қаражорға», Құрманғазының «Балбырауын», «Соқыр Есжан»,

Тәттімбеттің «Былқылдақ» күйлері болып табылады. Бұл күйлерді биге лайықтап арнайы оркестірлік өңдеуден өткізген. Мұндай өңдеуден өткен күйлерге енді ұлттық нақыштағы би қимылдарын қояды. Мысалы, ер адамдардың билерінде қамшыны қолға алып, ат құлағында ойнап, бәйгеде шапқан жігерлі де қайратты қимылдар сомдалса, ал қыздардың билерінде лирикаға толы нәзік те сырлы мың бұралған қимылдар бейнеленеді. Әсіресе, қыздар биінде ұлттық дәстүрге тән киіз басу, ою салу немесе кесте тоқу сәтіндегі қимылдарын да биге лайықтап орынды пайдаланады. Сөйтіп, ұлттық дәстүрге сүйеніп жасалған қазақ билері дүниеге келіп, қазақ балетінің негізін қалайды.

Музыка тындайық!

«Соқыр Есжан» күйіне қойылған «Біржан Сара» операсынан би көрінісі.

Біліп ал!



Шара Жиенқұлова - қазақтың алғашқы әйгілі кәсіби бишісі. 1912 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Ол 1929 жылдан бастап Қазақтың драмалық театрының әртісі болады. Ол «Еңлік - Кебек», «Қаракөз», «Майдан» атты спектакльдерде ойнады. 1934 жылы Шара Жиенқұлова Қазақ опера және балет театрында жұмыс істеді. Ол өзінің асқан бишілік дарынымен алғаш рет «Былқылдақ», «Қара жорға», «Айжан қыз» сынды билерді дүниеге келтіреді. Шара «Айман Шолпан», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» операларындағы барлық би көрінісін өзі билеген. Шара Жиенқұлова тек биші ғана емес, ол алғашқы қазақ киноларының бірі «Амангелді» фильмінде де басты рөлде ойнады.

Сұрақтар:

- Не себепті қазақ биі дүниеге келді?
- Қазақ биін қоюда қандай күйлерді пайдаланған?
- Қазақ биі қандай дәстүрге сүйеніп жасалды?
- Қазақ балеті қалай пайда болды?

Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма:

Қане, балалар, өлең құрап көрейік!

«Біле-білсең» сөзіне ұйқас сөздерді атап жіберейік. Олар: іле білсең, сене білсең, көне білсең, ере білсең, келе білсең.

Ал енді, бір шумақ өлеңнің соңғы жолын шығарып көр:

*Бауыржан менің атым біле-білсең.
Айтамын асыл сөзді іле білсең
Кейбіреу бірін-бірі алдап кетер
..... сене білсең*

2. Домбырадан Халық күйі «Кеңес». Үйренген буындарын қайтала.

Әлемді шарлаған музыка.

Музыка – адамдардың өмір-тағдырын, көңіл-күйін, қуанышы мен ренішін әбден көрсете алатын ерекше құбылыс. Әлем халықтары сан алуан аспапты ойлап тапты. Мысалы, әуезді скрипка, қоңыр үнді виолончель, сиқырлы да сазды арфа мен фортепиано, өткір дыбысты труба, т.б. көптеген аспаптарды атай аламыз. Ал бұл аспаптардың басын қосып, музыкалық алып күшке ие болған оркестр болып табылады. Дүниенің әр бұрышында дүниеге келген сан алуан музыканы тыңдай отыра, сол халықтардың тыныс-тіршілігін, әдет-ғұрпы мен мәдениетін танып біле аламыз.

Музыканы барлық жерден тыңдай аламыз. Атап айтсақ, концерт залдарында, театрда, кинода, тіпті теледидар мен радио арқылы естуге болады. Классикалық музыканың отау ордасына айналған опералық театрларға саяхат жасап, қыр-сырына қанық болғандаймыз. Әлемдегі ең озық опера театрлары мен опера әншілерімен етене танысуға да мүмкіндік алдық. Әсіресе, қазақ опера театры жайлы және оның жетістіктеріне көз жеткіздік. Әлемдік өркениет пен музыкалық мәдениетте өз орнымызды айқындай білдік.



Музыканы тыңдаудан жалықпа! Классикалық музыка әлемдік мәдениетті танып білуге жол ашады. Ең бастысы ұлттық музыка ой-санаң мен рухыңды көтеруге көп септігін тигізерін жадында жақсы сақта. Көне заманнан жеткен айтыс өнері ақыл-ойыңның өрісін кеңейтіп, қиялыңды алысқа жетелейтіні сөзсіз. Ақындар дәстүрімен өз өлең-сөзінді құрай білуге жол аштың. Ойыңды өткір, сөзінді шыншыл, қиялыңды ұшқыр етуге талпыныс жасадың. Өнер мен білім егіз ұғым екенін естен шығарма.

Сұрақтар:

1. Саған қандай композиторлардың әндері ұнайды?
2. Қандай күйлерді есінде сақтадың?
3. Қандай музыканы тыңдағанды ұнатасың?
4. Сенің сахнада ән салғың келе ме?
5. Сен қандай музыкаға билегенді ұнатасың?

Тапсырма:

1. Шығармашылық тапсырма:

Қане, балалар, өлең құрап көрейік!

Біле-білсең сөзіне ұйқас сөздер атайық. Олар: көре білсең, өре білсең, өне білсең, көне білсең, сене білсең.

Ақыл мен біліміңе сене білсең.

.....
Боламын болашақта мен

Бауыржан менің атым біле-білсең.

Ал енді, Бауыржан есімінің орнына әр бала өз есімдерін қойып, алғашқы үш тармағына болашақта кім болатындарын ұйқасқа сай етіп жазайық.



2. Домбырадан Халық күйі «Кеңес». Жатқа орында.

Қайталау сұрақтары:

1. Опера қандай жанр түріне жатады?
2. Операның либреттосы дегенді қалай түсінесің?
3. Опералық қойылымды және оркестр мен әншілерді кім басқарады?
4. Операдағы драмалық қойылым неше актыдан құрылады?
6. Опера тұңғыш рет қай жерде, қай ғасырда пайда болды?
7. Операның дүниеге келуіне кімдер себепкер болды?

8. Қазақ операсы қай жылдары пайда болды?
9. Қандай қазақ операларын білесің?
10. Операға қазақтың сөз өнерінің қандай түрлері қолданылды?
11. Операда толғау, жар-жар және айтыс түрін қалай қолданған?
12. Не себепті қазақ биі дүниеге келді?
13. Қазақ биін қоюда қандай күйлерді пайдаланған?
14. Қазақ балеті қалай пайда болды?


ҚОРЫТЫНДЫ СҰРАҚТАР

ӨЗ БІЛІМІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Айтыс пен тартыстың айырмашылығы не?
2. Айтыс түрлерін ата?
3. Он бір буынды өлең түрін не деп атайды?
4. Қазақ жырлары неше буынға құралады?
5. Жар-жар өлеңі қандай айтыс түріне жатады?
6. Түре мен сүре айтысының айырмашылығы не?
7. Ертеде музыкалық аспаптарды неден жасаған?
8. Үрмелі аспаптар қандай топтарға бөлінеді?
9. Ұрмалы аспаптарды ата?
10. Скрипка қандай аспаптардан тараған?
11. Скрипка аспабын не себепті патшайым дейді?
12. Қандай аспап дүниеге бірінші келген: виолончель, арфа, рояль?
13. Ұрмалы аспаптар алғашқыда қалай пайдаланылған?
14. Симфониялық оркестрін көрдің бе?
15. Опералық қойылым даярлауда ұжым құрамында кімдер болды?
16. Қазақ операсы сөз өнерінің қандай түрлерімен толықты?
17. Абай атындағы опера және балет театры қай жылы және қай қалада ашылды?
18. Қазіргі қазақстандық композиторлардың есімдерін ата?
19. Не себепті қазақ биі дүниеге келеді?
20. Жақсы музыка көңіл күйінді көтере ме?

Айтыс түрлерін тап.


Қыз бен жігіттің айтысы әзіл-қалжыңға құрылса, болады.
Ақындар бір-бір шумақпен қысқаша жауаптасса, болады.
Суырып салма нағыз ақындар айтысы болса, болады.
Ақындар бір-бірімен астарлы түрде өлеңмен сөз жасырса, болады.
Ақындар хат арқылы айтысса, болады.



Мына ақындардың қағыспаларын рет-ретімен бағыт арқылы нұсқа.

<i>Біржан сал</i>	<i>Құлыншақ</i>
<i>Бекетбай</i>	<i>Жолаушы</i>
<i>Майлықожа</i>	<i>Базарбай</i>
<i>Жорықбай</i>	<i>Қыз</i>

Ұйқас сөздерді жаз.



Ұйқас сөз арқылы мына ретпен өлең құра.

Ұйқас сөз

Бес буындық өлең —————> Жеті буындық өлең —————> Он бір буындық өлең

Аспаптарды ата



Қысқаша түсіндірме сөздік

- Кәмшат бөрік** – кәмшат терісінен жасалған бөрік. **Кәмшат**-бағалы аң, құндыздың бір түрі.
- Ұжмақ** – бейіш
- Хор қызы** – бейіштің сұлу қызы.
- Қара насыр** – қымбат бағалы мата.
- Мақпал** – Жылтыр, түкті, жұмсақ қалың мата.
- Сәукеле** – Қазақ қыздарының ұзату тойында киетін оқалаған сәнді, әшекейлі бас киім.
- Ұзату** – Қызды күйеуге беру немесе аттандыру тойы.
- Сыбыс** – мұнда: дыбыс, үн.
- Жеңге** – жасы үлкен ағаның, туыстардың әйелі, жұбайы.
- Көлік** – Жұмыс пен жол қатынасына пайдаланылатын мал.
- Баптау** – жақсы күту, бабына келтіру
- Тәмам** – аяқталу.
- Уық** – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сидаң сырық, киіз үй сүйектерінің бірі.
- Шаңырақ** – Киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.
- Бойжеткен** – Кәмелетке толған, ер жеткен қыз.
- Тұрмысқа шыққан** – күйеуге шыққан.
- Тиемін** – мұнда: күйеуге шығамын.
- Қапыда** – Абайсызда, аңдаусызда, бауқауызда.
- Тың-тыңдап** – біреудің сөзін жасырын тыңдау.
- Қыңқылдап** – қайта-қайта айта беру, мазалау.
- Лашық** – уақытша тұруға арналған күрке, сиықсыз, кедейқолды баспана.
- Хошым** – Көңілдің жан сүйсінерліктей жай-күйі; ықылас зауқы.
- Қатықсыз** – еті, майы жоқ.
- Басып-басып** – мұнда: құйып-құйып.
- Жая-жал** – **жая**-жылқының екі жамбас сүйегінің түйіскен тұсындағы дәмді, майлы еті; **жал**-жылқының, құланның жал майы.
- Сал** – Сәнді киініп, ерекшеленіп жүретін сері әнші, мырза.
- Кекіреймей** – Әлдеқандай болып бәлдену, бұлдану, тәкаппарлану.
- Жабағы** – 6 ай мен 1 жас аралығындағы жылқы төлі.
- Құлын** – Жылқының алты айға дейінгі төлі.
- Тай** – Екі жасқа әлі толмаған жылқы.
- Шайыр** – ақын.
- Қисса** – ауыз әдебиетіне тән сюжетті жыр, дастан.
- Хикая** – алуан түрлі ғажайып оқиғалар жайлы жазылған әдеби шығарма.
- Қазалы** – қайғылы
- Шақша** – мүйізден жасалған, насыбай салатын құты.
- Насыбай** – тіл астына, ерінге салып ату үшін үгітілген темекіге қылша, арша т.б. өсімдіктің күлін қосып жасаған зат.
- Бақ** – әр түрлі ағаш өсірілген жер.
- Жәрменке** – Базар
- Жүрексініп** – қорқып.

Ақсұңқар – бүркіт тұқымдас қыран құс.

Жылы жауып – елеп ескермеу, атаусыз қалдыру.

Серт – уағдалы сөз, ант.

Дөп – дәл, нақ.

Еп – лайық, тең.

Есіріп – құтырып.

Шабан – жайбасар, жалқау, жүрмейтін ат.

Бір бүйірден – бір жақ тұсынан.

Қарасай – батырдың есімі.

Бас аманға – мұнда: басын қорғауға.

Бұлтартып – жалт етіп, шұғыл бұрылу.

Мәлім – белгілі, анық.

Медресе – Ислам дінін оқытатын оқу орны.

Аңдадық – мұнда: байқадық.

Қошемет – құрмет.

Пайымдап – мұнда: байқап, анықтап.

Тінтуші – мұнда: тексеруші.

Зындан – тұтқындарды жазалау үшін жер астынан қазылған терең қараңғы ор, апан.

Құйын – үйіріле ұйытқи соғатын екпіні қатты жел.

Темір өзек – мұнда: бойында жаны бар тірі адам.

Ерек – мұнда: ерекше.

Қыдыр-ырыс – мұнда: берекелі, несібелі.

Жарты сүйем – мұнда: бір қарыс.

Тұтып – санап.

Арпа – дәнді дақыл.

Қырма кедей – жоқ-жұқа адам.

Нақ расым – мұнда: шындық, растық.

Көмейіңнен – мұнда: тамағыңнан, дауысыңнан.

Жайық – өзен аты.

Көрегенім – мұнда: ақылы, білімі мол адам.

Керегенің – киіз үйдің ағаштан жасаған жиналмалы тор көзді сүйегі, қаңқасы.

Төлеген – Қыз Жібек жырындағы кейіпкер.

Тия алатын – мұнда: тоқтата білетін.

Кесуге де – мұнда: жүруге де.

Жанығанмын – мұнда: қайрағанмын.

Уыз – төлдеген малдың алғашқы күндердегі қоймалжың қою сүті.

Сөзге-мәйек – мұнда: сөзге шебер.

Сусыған сары алтын – мұнда: жұқа алтын.

Қас-қағымда – мұнда: лезде.

Тембр - дыбыстың бояуы.

Диапазон – дыбыстың көлемі

Симфония – симфониялық оркестрге арналған аспаптық шығарма. Симфония бір мазмұнды құрайтын төрт бөлімнен тұрады

«**Фортепиано**» аспабы. Италиянша форте - «қатты», пиано - «ақырын» деген мағынаны білдіреді.

МАЗМҰНЫ

I тоқсан. Өнер алды қызыл тіл

Айтыс дәстүрі.....	4
Қайым айтыс.....	5
Түре және сүре айтыстар	7
Өтірік өлең.....	9
Жұмбақ айтыс.....	11
Ұйқас сөздер табу.....	13
Бес буындық өлең.....	15

II тоқсан. Қысқа қағыспа айтыс

Біржан сал мен қыздың қағыспа айтысы.....	18
Жеті буынды өлең.....	20
Құлыншақ ақын мен Майлықожаның айтысы.....	22
Он бір буынды өлең.....	24
Жас ақын Базарбайдың Бекетбай ақыннан бата алуы.....	26
Өлең құраудың әдіс – тәсілдері	28
Жорықбай мен жолаушы.....	30

III тоқсан. Европа аспаптары

Европа музыкасының шыңы - симфониялық оркестр.....	32
Скрипка аспабы қалай пайда болды?	34
Симфониялық оркестрдегі ішекті-ыспалы аспаптар.....	37
Оркестрдегі үрмелі ағаш аспаптар.....	39
Жез аспаптар қашан пайда болды?.....	42
Ұрмалы аспаптар тобы.....	45
Арфа аспабы қайдан келді?.....	47
Оркестрге үн берген аспап.....	49

IV тоқсан. Опералық театр

Әлем мәдениетінің озық үлгісі.....	53
Операдағы негізгі жанрлар.....	56
Опералық театр тарихы.....	59
Қазақ опера театры.....	63
Қазақ опера жанрлары.....	66
Қазақ билері қалай пайда болады?.....	69
Әлемді шарлаған музыка.....	71
Қорытынды сұрақтар.....	74
Түсіндірме сөздік.....	77